

0701000 «Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау»

0702000 «Пайдалы қазба кенорындарын барлаудың техникасы мен технологиясы»

0703000 «Гидрогеология және инженерлік геология»

0704000 «Пайдалы қазба мен кенорындарын барлау мен іздеудің геофизикалық әдістері»

1514000 «Экология және табиғи қорларды тиімді пайдалану»

мамандықтарына арналған
«Қазақ тілі (факультатив)» пәні бойынша

БАЗАЛЫҚ (ТІРЕК) КОНСПЕКТІСІ

Дайындаған: Марканова Г.А.
Қазақ тілі ПБ отырысында қаралып
бекітілді
Хаттама № 7 _____
2017 жыл ___12___ сәуір
Қазақ тілі ПБ жетекшісі:
Марканова Г.А.

Базалық (тірек) конспектi 2017 жылы бекітілген оқу жұмыс жоспары және 2014 жылы бекітілген оқу жұмыс бағдарламасы бойынша құрастырылған.

Оқу бөлімімен пайдалануға ұсынады.

Міндетті бақылау жұмысының саны _____2_____

Қорытынды бақылау _____сынақ_____

(міндетті бақылау жұмысы, сынақ, емтихан)

Қазақ тілі пәнінен қосымша сағаттарының тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	0701000, 0702000, 0703000, 0704000, 1514000
	I.Қазақ тілін үйренейік.	
1.1	Кіріспе сабақ. Қазақ тілі – ҚР-ның мемлекеттік тілі.	2
1.2	Сәлемдесу. Қоштасу.	2
1.3	Қазақ тіліне тән дыбыстар ә, і – дыбыстары.	2
1.4	Танысу.	2
1.5	Ғ, Ң – дауыссыз дыбыстары. Олардың артикуляциясы.	2
1.6	Өтініш.	2
1.7	Ү, Ө дауысты дыбыстары.	2
1.8	Келісім.	2
1.9	Кешірім сұрау. Ұ, Қ дыбыстарының артикуляциясы.	2
1.10	Бақылау жұмысы №1	2
	II.Достық. Туған-туысқандар	
2.1	Тіл қату. Назар аудару.	2
2.2	Жоққа шығару. h дыбысы.	2
2.3	Достық.	2
2.4	«Менің досым»	2
2.5	Үй-іші, туған-туысқандар.	2
2.6.	«Менің жақындарым»	2
	III.Отан, табиғат, уақыт	
3.1	Уақыт.	2
3.2	Табиғат. Табиғатты суреттеу.	2
3.3	Менің сүйікті өлкем.	2
3.4	Менің туған жерім.	2
3.5	Менің Отаным.	2
3.6	Бақылау жұмысы №2	2
	IV.Жыл мезгілдері.	
4.1	Ауа райы.	2
4.2	Жыл мезгілдері. Қыс.	2
4.3	Көктем. Наурыз – жыл басы.	2
4.4	Жаз. Жазғы демалыс.	2
4.5	Күз. Жеміс-жидектер.	2
	V.Қала	
5.1.	Қала. Қалада.	2
5.2	Қала көлігі (транспорт).	2
5.3	Қаладағы тарихи орындар.	2
5.4	Қонақ үй. Қонақтар.	2
5.5	Қоғамдық тамақтану.	2
5.6	Бақылау жұмысы №3	2
	VI.Емханада. Кәсіп.	
6.1	Адамның дене мүшелері.	2
6.2	Дәрігерлік қызмет көрсету.	2
6.3	Емханада.	2
6.4	Мерекелер	2
6.5	Өнеркәсіп орындары.	2

6.6	Кәсіп.	2
6.7	Менің сүйікті мамандығым.	2
6.8	Тұрмыстық қызмет көрсету.	2
6.9	Шаштаразда.	2
6.10	Байланыс мекемелері. Телефонмен сөйлесу мәдениеті. Дүкенде.	2
6.11	Бақылау жұмысы №4	2
	VII. Пайдалы қазбалар.	
7.1.	Пайдалы қазбалар.	2
7.2.	Қазақстанның кең байлығы.	2
	VIII. Оқу орындары.	
8.1.	Оқу орындары. Оқу жүйесі.	2
8.2.	Жоғары оқу орындары (ғылыми мекемелер).	2
8.3.	Кітапхана.	2
	IX. Спорт. Сапа.	
9.1.	Спорт.	2
9.2.	Экскурсия, саяхат, туризм.	2
9.3.	Есеп, сан, ұзындық, салмақ өлшемдері.	2
9.4.	Түр-түс.	2
9.5.	Қасиет сапа.	2
9.6.	Бақылау жұмысы №5	2

МАЗМҰНЫ

I курс.

№	Тарау мен тақырып атаулары	Бет
	I.Қазақ тілін үйренейік.	
1.1	Кіріспе сабақ. Қазақ тілі – ҚР-ның мемлекеттік тілі.	7
1.2	Сәлемдесу. Қоштасу.	7
1.3	Қазақ тіліне тән дыбыстар ә, і – дыбыстары.	8
1.4	Танысу.	8
1.5	Ғ, Ң – дауыссыз дыбыстары. Олардың артикуляциясы.	9
1.6	Өтініш.	9
1.7	Ү, Ө дауысты дыбыстары.	10
1.8	Келісім.	10
1.9	Кешірім сұрау. Ұ, Қ дыбыстарының артикуляциясы.	11
1.10	Бақылау жұмысы №1	11
	II.Достық. Туған-туысқандар	
2.1	Тіл кату. Назар аудару.	11
2.2	Жоққа шығару. h дыбысы.	12
2.3	Достық.	12
2.4	«Менің досым»	13
2.5	Үй-іші, туған-туысқандар.	13
2.6.	«Менің жақындарым»	14
	III.Отан, табиғат, уақыт	
3.1	Уақыт.	14
3.2	Табиғат. Табиғатты суреттеу.	15
3.3	Менің сүйікті өлкем.	15
3.4	Менің туған жерім.	16
3.5	Менің Отаным.	16
3.6	Бақылау жұмысы №2	16
	IV.Жыл мезгілдері.	
4.1	Ауа райы.	17
4.2	Жыл мезгілдері. Қыс.	17
4.3	Көктем. Наурыз – жыл басы.	18
4.4	Жаз. Жазғы демалыс.	18
4.5	Күз. Жеміс-жидектер.	19
	V.Қала	
5.1.	Қала. Қалада.	19
5.2	Қала көлігі (транспорт).	20
5.3	Қаладағы тарихи орындар.	20
5.4	Қонақ үй. Қонақтар.	21
5.5	Қоғамдық тамақтану.	22
5.6	Бақылау жұмысы №3	23
	VI.Емханада. Кәсіп.	
6.1	Адамның дене мүшелері.	23
6.2	Дәрігерлік қызмет көрсету.	24
6.3	Емханада.	24
6.4	Мерекелер	25
6.5	Өнеркәсіп орындары.	25
6.6	Кәсіп.	26
6.7	Менің сүйікті мамандығым.	26
6.8	Тұрмыстық қызмет көрсету.	27
6.9	Шаштаразда.	27

6.10	Байланыс мекемелері. Телефонмен сөйлесу мәдениеті. Дүкенде.	28
6.11	Бақылау жұмысы №4	29
	VII. Пайдалы қазбалар.	
7.1.	Пайдалы қазбалар.	29
7.2.	Қазақстанның кең байлығы.	29
	VIII. Оқу орындары.	
8.1.	Оқу орындары. Оқу жүйесі.	30
8.2.	Жоғары оқу орындары (ғылыми мекемелер).	30
8.3.	Кітапхана.	31
	IX.Спорт. Сапа.	
9.1.	Спорт.	32
9.2.	Экскурсия, саяхат, туризм.	33
9.3.	Есеп, сан, ұзындық, салмақ өлшемдері.	34
9.4.	Түр-түс.	34
9.5.	Қасиет сапа.	34
9.6.	Бақылау жұмысы №5	35
	II курс.	
	I.Тіл туралы.	
1.1.	Кіріспе. Қазақ тілін үйренейік.	35
1.2.	ҚР-ның тіл туралы заңы.	35
1.3.	Тіл туралы мақал-мәтелдер және өлеңдер.	36
	II.Оқу орындары.	
2.1.	Біздің оқу орнымыз «Менің колледжім»	37
2.2.	Жоғарғы оқу орындары (Институт, Университет)	37
	III.Мамандық.	
3.1.	Менің мамандығым.	37
3.2.	Өндірістік тәжірибе.	38
3.3.	Жұмыс орны.	38
	IV.Еңбек кодексі.	
4.1.	Еңбек кодексі.	39
4.2.	Еңбек қатынастары.	40
	V.Кен орындары.	
5.1.	Кен орындары.	40
5.2.	Кәсіби мәтінмен жұмыс	41
	VI.Тіл ұстарту.	
6.1.	Сұхбаттасу (бас маманмен).	41
6.2.	Шығарма «Менің болашақ кәсібім».	42
	Пайдаланған әдебиеттер	42

1-сабақ.

1.1. «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» тақырыбы бойынша шағын мәтін құрыңыз

Қазақ тілі – қазақ халқының ғана ана тілі. Ол – халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан-ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етіп келеді. Қазақ тілі 1989 жылы мемлекеттік мәртебе (статус) алды. Мемлекеттік тілді білу, меңгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы. Ол енді толық мағынасында республикада білім, ғылымды, техниканы үйрену тілі, мәдениет пен экономиканы дамыту тілі болып отыр.

Қазақ тілі түркі тілдері тобына жатады. Түркі тілдері тобына қырғыз, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, түркімен, әзербайжан, түрік, татар, башқұрт, тува, хакас, якут т.б. халық тілдері кіреді.

Бұл тілдердің ішінде қазақ тіліне ең жақындары – ноғай (Кавказда), қарақалпақ, татар, башқұрт, қарачай-балқар тілдері.

Қазақ тілі – Қазақстанда ғана емес, басқа да елдерде (Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан т.б.), шетелдерде (Монғолия, Қытай, Ауғанстан, Иран, Түркия т.б.) тұратын қазақтардың да ана тілі.

Қазір қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі.

2. «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңы». – 6 бап бойынша сұхбат құрыңыз.

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қай тіл?
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі.
- Мемлекеттік тіл дегеніміз не?
- Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саясында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сапа ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.
- ҚР азаматының қандай құқығы бар?
- ҚР азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар.
- Мемлекет қандай көмек көрсетеді?
- Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды. Ұлттық топтар жинақы тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдері қолданылуы мүмкін.

Бақылау сұрақтары: 1. «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» тақырыбы бойынша шағын мәтін құрыңыз.(мемлекеттік тіл, парыз, білу, техниканы үйрену тілі,тіл туралы).

2. 6 бап бойынша (Тіл туралы Заң) сұхбат құрыңыз.

2-сабақ.

1.2.1. Қалай амандасу керек? – мәтін құрыңыз.

Жасы кіші адам жасы үлкен кісіге, ерлер әйелдерге (жасы қатар болғанның өзінде де) бұрын сәлемдеседі. Әдетте екі адам кездескенде, бір-біріне «Сәлеметсіз бе?», «Қайырлы таң», «Қайырлы кеш» деп, бас иіп амандасады. Қол беріп амандасқан кезде, адамның көзіне тура қарау керек. Ер адамдар бір-бірімен «Ассалаумағалейкум», «Уағалейкумассалам» деп қол беріп амандасады. Қыздар сәлемдескенде жәй ғана бас иеді.

Жұмыс кезінде жасы кішілер үлкендерге, дәрежесі жоғарыларға алдымен сәлем береді. Бөлмеге енген адам өзінен бұрын отырғандарға тегіс амандасады. Мектептер мен басқа да оқу орындарын тәртіп басқаша – оқытушы келгенде оқушылар мен студенттер орындарынан тұрады. Оқытушы сәлемдесіп, олардың орындарына отыруын сұрайды. «Сәлем беру де парыз, сәлем алу да парыз. Сәлем сөздің анасы» - дегендей әрқашан амандасу керек.

2. Сөз орамдарын аударып, сұхбат құрыңыз.

- Қайырлы күн. Қалыңыз қалай?
- Қайырлы күн. Рақмет жақсы.
- Қош келдіңіз.
- Амансыз ба. Қандай жаңалықтар бар?
- Амансыз ба, жаңалықтар жоқ.
- Сізді көргеніме өте қуаныштымын. Денсаулығыңыз қалай?

- Рақмет, бәрі жақсы.
- Көргендерге сәлем айтыңыз. Сау болыңыз.
- Келесі кездескенше.

Бақылау сұрақтары: 1. Амандасу керек, үлкен адамдармен ресми түрде, жасы кіші адам, қол беріп амандасу, бөлмеге кіргенде, оқу орындарында, қалай? бұрын сөзі мен сөз тіркестерін қатыстырып мәтін құрыңыз. 2. Доброе утро, Как ваши дела? Спасибо, хорошо; добро пожаловать; До свидания, до следующей встречи – сөз орамдарын аударып, оларды қатыстырып сұхбат құрыңыз.

3-сабақ.

1.3.1. Ә, І – дыбыстарының сипаттамасы, артикуляциясы.

Ә – жіңішке, ашық, езулік. Жіңішке сөздерде кездеседі. Сөздің алғашқы буынында болады. Тіл ілгері (алға) созылып, ұшы астыңғы тіске тиеді. (Язык продвигается вперед, кончик языка упирается в нижние зубы).

І – Жіңішке, қысан, езулік. Жіңішке сөзде кездеседі. Сөздің барлық буынында қолданылады. Тіл ілгері созылып, ұшы астыңғы тіске жақындайды. (Язык продвигается вперед, кончик языка касается нижних зубов).

2. Ә, І – дыбыстары бар сөздермен он сөйлем.

Әділ жақсы студент. Мен геологиялық барлау колледжінде білім аламын. Сөз әріптен құралады. Менің әкем ауылда жұмыс істейді. Анам әдемі көйлек тікті. Әрбір адам қазақша сөйлей білу керек. Менің інім балабақшаға барады. Сәлем - сөздің басы. Жанна іскер студент. Мен үй тапсырмасын кешкі сағат бесте істедім.

Бақылау сұрақтары: 1. Қазақ тіліне тән дыбыстар. Ә, І – дыбыстарының сипаттамасы, олардың артикуляциясы. 2. Ә, І – дыбыстары бар сөздермен 10 сөйлем құраңыз. (Әділ, білім, әріп, істе, әдемі, әрбір, іні, сәлем, іскер, әке).

4-сабақ.

1.4.1. «Танысу» тақырыбына мәтін құрыңыз.

Менің аты-жөнім Никитин Николай. Мен Семей қаласында тудым. Менің ұлтым орыс. Біздің отбасымызда төрт адам: әкем, анам, қарындасым және мен. Әкем дәрігер болып, емханада жұмыс істейді. Анам мектепте мұғалім. Мен орта мектепті биыл бітірдім. Мектептен кейін геологиялық барлау колледжіне оқуға түстім. Қазір Б-91 тобында оқимын. І – курс студентімін. Мен сабаққа көп дайындаламын. Менің болашақ мамандығым бұрғылаушы. Маған оқу орны өте ұнайды.

2. Сөз орамдарын аударып, сұхбат құрыңыз.

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Сізбен танысуға бола ма? Атыңыз кім?
- Менің атым Катя.
- Сенің атың кім?
- Менің атым Саша! Сен нешедесің?
- Мен он алтыдамын. Сен нешедесің?
- Мен он жетідемін. Катя, қайда оқисың?
- Мен педогогикалық колледжде, бірінші курста оқимын. Сен қайда оқисың?
- Мен геологиялық барлау колледжінде, екінші курста оқимын.
- Бос уақытыңда не істейсің?
- Мен бассейнге барғанды, тағы билегенді ұнатамын. Өзің бос уақытыңды қалай өткізесің?
- Мен дискотекаға барғанды және детектив кітаптарды оқығанды ұнатамын.
- Кешке сені дискотекаға шақыруға бола ма?
- Мен сенімен дискотекаға баруға келісемін.
- Кешке бесте Абай алаңында кездесеміз.
- Жақсы. Кездесеміз. Сенімен танысқанымға қуаныштымын.

- Кездескенше!
- Кездескенше!

Сөздік:

Сізбен танысуға бола ма?- Можно с Вами познакомиться?

Танысайық - Давай(те) познакомимся.

Менің атым ...- Меня зовут...

Сізбен көргеніме қуаныштымын - Я рад(а) Вас видеть.

Таныс болайық - будем знакомы

Сіздің аты - жөніңіз кім? - Как вас зовут ? (полный ответ)

Танысқаныма қуаныштымын - Рад(а) знакомству

Аты - жөніңізді білуге бола ма? - Можно узнать ваше имя, отчество

Өзімді таныстыруға рұқсат етіңіз - Разрешите представиться.

Сәлем айтыңыз – Передайте привет.

Қош келдіңіз – Добро пожаловать.

Бақылау сұрақтары: 1. «Танысу» тақырыбы бойынша мәтін құрыңыз (аты-жөнім, тудым, ұлым, отбасымызда, әкем, анам, жұмыс істейді, биыл бітірдім, орта мектепті, оқуға түстім, қазір, оқимын, бірінші курс, дайындаламын, өте ұнайды, менің мамандығым). 2. Сөз орамдарын қазақ тіліне аударып, сұхбат құрыңыз. Как доехали? Добро пожаловать! Рад Вас видеть! До скорой встречи! Передайте привет! Разрешите представиться. Рад знакомству. Разрешите с вами познакомиться.

5-сабақ.

1.5.1. Ғ, Ң – дыбыстарының сипаттамасы, артикуляциясы.

Ғ дауыссыз – Жуан, ұяң, ызың. Жуан сөзде кездеседі. Сөз басында және сөз ортасында қолданылады. Тілді арты таңдайдың түбіне жиырылып, ауа олардың арасынан шығады. (Задняя часть языка приближается к заднему краю неба, и воздух проходит между ними).

Ң дауыссыз – Мұрын жолды сонор. Жуан және жіңішке сөздерде кездеседі. Сөз ортасы мен соңында қолданылады. Тілді арты таңдайдың түбіне нық тиіп, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. (Задняя часть языка упирается в небо, и воздух выходит через нос).

2. Сөйлем құрыңыз. (Ғ, Ң)

Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров. Қазақстанның табиғаты ғажайып. Мен он дәптер сатып алдым. Оң жақ қатарда алты студент отыр. Жаннаттың сол жақ бетінде меңі бар. Қазақстанның жері кең байтақ және кен орындарына бай. Қызыл кітапқа енген аңдарды қорғау керек.

Бақылау сұрақтары: 1. Ғ, Ң дауыссыз дыбыстарының сипаттамасын, олардың артикуляциясын жазыңыз. 2. Ғарыш, ғажайып, ғарышкер, он-оң, мен – мең, кен-кең, аң сөздерін аударып сөйлем құрыңыз.

6-сабақ.

1.6.1. Мәтін құрыңыз. (Өтініш)

Даурен кітапханаға келіп, кітапханашыға: -Өтінемін, маған мына кітапты беріңізші. Кітапханашы Дауреннің сұраған кітабын береді. Даурен кітапты алып тұрып: -Менің Сізге бір өтінішім бар, мүмкін болса мына кітапты екі-үш күнге үйге ала тұрсам. Кітапханашы: -Қалауыңыз білсін, тек жеке куәлігіңізді тастап кетіңіз. Даурен кітапты оқып болғаннан кейін, кітапханашыға кітапты қайтарып әкеліп берді. Даурен: - Рахмет, бар ықыласыммен оқыдым, қызық кітап екен. Кітапханашы: Міне Сіздің жеке куәлігіңіз. Егер қиын болмаса жоғарғы сөреден анау кітапты алып бересіз бе? – деп өтінді. Даурен кітапты алып берді. Кітапханашы: -Рахмет Сізге, ризамын. Даурен: - Оқасы жоқ. Сау болыңыз. Кітапханашы: - Сау болыңыз. Келіп тұрыңыз.

2. Сөз орамдарын аударып, олармен сұхбат құрыңыз.

Менің сізге өтінішім бар. (У меня к Вам просьба)

Кешіріңіз, мен сізден бір нәрсе сұрайын деп едім. (Извините, я хотел бы спросить у Вас

Сізді тындап тұрмын. (Я вас слушаю)

Кешіріңіз, мен сізді түсінбедім. (Извините, я вас не понял(а)).

Мазаңызды алғанымға кешіріңіз. (Простите, за беспокойство).

Кешігіп келгеніме кешірім сұраймын. (Извините, за опоздания).

- Менің сізге өтінішім бар. Айтып жіберіңізші, кітап дүкені қай жерде ?

- Алыс емес орталықта Шәкәрім даңғылында орналасқан.

- Кіруге бола ма?

- Кіріңіз.

- Егер қиын болмаса, маған көмектесіп жіберіңізші.

- Иә, сізге қандай кітап керек?

- Маған мына кітапты беріңізші.

- Мінеки, алыңыз.

- Рахмет. Сау болыңыз.

- Сау болыңыз.

Бақылау сұрақтары: 1. Өтінемін, мүмкін болса, ризамын, бар ықыласыммен, өтінішім бар, менің сізге, егер қиын болмаса, қалауыңыз білсін сөздерін және сөз орамдарын қатыстырып мәтін құрыңыз. 2. Сөз орамдарын аударып, олармен сұхбат құрыңыз. У меня к Вам просьба. Извините. Простите, можно спросить? Я Вас слушаю. Извините, я вас не понял. Простите за беспокойство. Извините, за опоздания.

7-сабақ.

1.7.1. Ү, Ө – дыбыстарының сипаттамасы, артикуляциясы.

Ү – дауысты, жіңішке, қысаң, еріндік. Жіңішке сөзде кездеседі. Сөздің алғашқы буынында кездеседі. Тіл алға созылып, ұшы астыңғы тіске тіреледі, иек көтеріледі.

Ө – дауысты, жіңішке, ашық, еріндік. Жіңішке сөзде кездеседі. Сөздің алғашқы буынында кездеседі. Ерін дөңгеленіп, тіл алға жылжып, иек сәл көтеріледі.

2. Он сөйлем құрыңыз (Ү, Ө).

Өнерлі өрге жүзеді. Біз қазақ тілін үйреніп жүрміз. Біздің отбасымыз онша үлкен емес. Сізге көп рахмет айтып отырмыз. Біздің топта үлгілі студенттер көп. Таңертең күн жылы болады, күндіз жаңбыр жауады. Сендер өлеңді жақсы айтып отырсыңдар. Студенттер жатақханада кешке теледидар көреді. Кештен кейін үйге көңілді қайтамыз. Біз қазақша өлең айтамыз.

Бақылау сұрақтары: 1. Ү, Ө дауысты дыбыстарының сипаттамасын және артикуляциясын айтыңыз. 2. Ү,Ө дыбыстары бар сөздермен 10 сөйлем құрыңыз. (өнер, үйрену, үлкен, көп, үлгілі, күн, күндіз, өлең, көру, көңілді).

8-сабақ.

1.8.1. Келісім.

Сөздік.

Мен келісемін - я согласен; мен қарсы емеспін – я не против; болады – можно; рұқсат – разрешается; иә, бұл солай - да, это так; иә, әрине - да, конечно; әбден дұрыс – абсолютно верно; иә, бұл шындық - да, это правда; иә, қолымнан келеді –да, я могу.

2. «Келісім» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

- Марат!

- Иә, бұл мен

- Сен банкте істейсің бе?

- Дәл солай

- Мен сенімен бір шаруа бойынша ақылдасайын, - деп едім

- Мақұл!

- Онда өте жақсы

- Сен келісесің бе?

- Сөзсіз

- Маған сенің көмегің керек еді
- Мен қарсы емеспін
- Тамаша
- Осы банкте несиеге ақша алуға болады ма?
- Иә, біздің банкте рұқсат етіледі.
- Бұл шындық
- Иә, бұл шындық

Бақылау сұрақтары: 1. «Я согласен; я не против; можно; разрешается; да, это так; да конечно; абсолютно верно; да, это правда» сөз тіркестерін аударыңыз. 2. «Келісім» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

9-сабақ.

1.9.1. Ұ, Қ – дыбыстарының сипаттамасы, артикуляциясы.

Ұ дауысты – жуан, еріндік, қысаң. Жуан сөзде кездеседі. Сөздің алғашқы буынында қолданылады. Ерін сүйірленіп алға, тіл артқа жылжып, иек көтеріледі. (Губы округляясь, тянутся вперед, язык оттянут назад, подбородок приподнят.)

Қ – дауыссыз, қатаң, шұғыл. Жуан сөзде кездеседі. Сөздің барлық жерінде қолданылады. Тілдің арты көтеріліп, таңдайдың артына тиеді. (Задняя часть языка поднимаясь, касается задней стенки неба.)

2. Сөз тіркестерін аударып, оларды қатыстырып сұхбат құрыңыз.

Извините, пожалуйста-кешіріңіз; простите, я ошибся-кешіріңіз, мен қателесіппін; простите, что опоздал- кешігіп қалғаныма кешіріңіз; простите, но я думаю иначе- кешіріңіз, менің ойым басқаша. Есікті ашып жабады: - Кешіріңіз, мен қателесіппін.

- Кешіріңіз, мен сізден бір нәрсе сұрайын деп едім.

- Сізді тыңдап тұрмын.

- 52-дәрісхана қай қабатта?

- Төртінші қабатта.

- Рахмет.

- Оқасы жоқ.

- Кіруге бола ма?

- Кіріңіз.

- Кешігіп келгеніме кешірім сұраймын.

-отырыңыз.

-рахмет.

Бақылау сұрақтары: 1. Ұ, Қ дыбыстарының сипаттамасын және артикуляциясын жазыңыз. 2. Извините, пожалуйста; простите, я ошибся; простите, что опоздал; простите, но я думаю иначе сөздері мен сөз тіркестерін аударып, оларды қатыстырып сұхбат құрыңыз.

10-сабақ.

1.10. Бақылау жұмысы №1 (по плану).

1. Берілген сөздерді дұрыс аудару (Сөздік диктант). (Келісім, кешірім сұрау бойынша).

2. «Танысу» тақырыбы бойынша сұхбат құрыңыз. (Өз үй-іші туралы айту; жолдасымен қарым-қатынас жасай білу).

3. Қазақ тіліне тән дыбыстарға сипаттама жазыңыз.

11-сабақ.

II тарау.

2.1.1. Тіл қату, назар аудару.

Сөздерді қатыстырып, сұхбат құрыңыз.

- Жарығым маған көмектесіп жіберші.

- Әрине, апа көмектесемін, әкеліңіз. Жасы үлкен адамдарға жәрдемдесу парыз ғой.

- Құдай тілеуінді берсін, балам.
- Үйіңізге дейін апарып берейін.
- Рахмет, қарағым. Ағаң қарсы алу керек.
- Мінекей ата.
- Е, жарайсың балам. Неше ағайынсыңдар?
- Апайым, бауырым және бойжеткен қарындасым бар.
- Онда жақсы екен. Саған көп алғысымызды білдіреміз.
- Сау болыңыздар.

2. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Светик мой, пожалуйста проводи меня домой – Жарығым менің, мені үйге дейін шығарып салшы. Дорогие гости, сегодня мы собрались на юбилей Жанны и Магжан – Қымбатты қонақтар, бүгін біз Жанна мен Магжанның мерейтойына жиналып отырмыз. Сынок, помоги мне – Ұлым, маған көмектесіп жіберші. Девушка, можно с вами познакомиться – Қарындас, сізбен танысуға бола ма?

Бақылау сұрақтары: 1. Қарағым, жарығым, балам, бойжеткен, қарындас, бауырым, аға, апай, ата, жасы үлкен сөздерін қатыстырып сұхбат құрыңыз. 2. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз. Светик мой, пожалуйста, проводи меня домой. Дорогие гости, сегодня мы все собрались на юбилей Жанны и Магжан. Сынок, помоги мне. Девушка, можно с вами познакомиться.

12-сабақ.

2.2.1. Жоққа шығару, һ – дыбысы.

Һ – қатаң, ызың. Жуан сөзде де, жіңішке сөзде де кездеседі. Сөз ортасында, сөз соңында қолданылады. Ауа көмейден кедергісіз шығады. Һ – көмейлік дыбыс. (Воздух проходит через гортань без помех. Һ – гортанный звук).

Он үшінші ғасырда Отырар Шаһарында көтеріліс болған. Мен изумруд анама гауһар тасты жүзік сатып алдым. Дүкеннен әдемі жиһаз көрдім. Талғат Бегильдинов - халық қаһарманы. Патша өз қаһарын көрсетті. Қытай елінде айдаһарды ерекше символ ретінде қадірлейді.

2. Сөздік.

Жоқ - Нет

Қажет емес - Не стоит, не надо.

Келіспеймін - Не согласен.

Істей алмаймын - Не могу

Болмайды - Нельзя.

Бұл мүмкін емес! - Это невозможно!

Сіз қателесесіз - Вы ошибаетесь.

Ұнамайды - Не нравится.

Қолым бос емес - занят!

Қарсымын - Против.

-Сіз бізбен теннис ойнағыңыз келмей ме?

-Өкінішке орай, қолым тимейді.

-ондта кешке театрға бізбен жүріңіз

-театрда қандай қойылым?

-драмалық шығарма

-драма маған ұнамайды, сондықтан келіспеймін.

-жарайды,келесі жолы комедияға барармыз деп ойлаймын.

-келесі кездескенше.

-сау болыңыз.

Бақылау сұрақтары: 1. Һ – дыбысының сипаттамасы, оның артикуляциясы. Шаһар, гауһар, жиһаз, қаһарман, қаһар, айдаһар сөздерімен сөйлем құрыңыз. 2. Нет; не стоит, не надо; не согласен; не могу; нельзя; это не возможно; вы ошибаетесь; не нравится; занят; против сөз тіркестерін аударып, сұхбат құрыңыз.

13-сабақ.

2.3.1. «Достық» .

1. Жақсы жолдас - жанға серік, Жаман жолдас - малға серік.
2. Қайғың болса, досыңа бар.
3. Ағаш тамырымен, адам- досымен мықты.
4. Доссыз өмір - тұзсыз ас.
5. Жақсы жолдас жепкізеді мұраққа, жаман жолдас қалдырады ұятқа.
6. Танысы көптен достас, азбен сырлас.

2.«Достық» тақырыбына мәтін.

Достық тек адамдар арасында болатын сезім. Екі адам нағыз дос болса, олардың арасында бәрі ашық, адал болу керек. Нағыз достар өзара көмек көрсетіп, бір-бірімен тату болады, жұп жазбайды. Бір-біріне қадір-құрмет көрсетеді. Олар ойында да, жұмыста да бірге болады. Біреуінде қиыншылық болса, екіншісі оған шын жүректен көметесуге тырысады. Бұл екі адамдар бір-бірі туралы «Менің досым сенімді, мейірімді» деген ойға келеді. Олар бір-бірін өте қымбат бағалайды. Достар әрқашанда бір біріне тірек болады. Доссыз өмір сүру өте қиын. Тек ерекше досың болғанда өмір қызықты да тамаша да болып көрінеді. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіртіп айтады» - дегендей нағыз достар бір-біріне тек ащы шындықты айта біледі.

Бақылау сұрақтары: 1. «Достық» тақырыбына бес мақал – мәтел жазыңыз. 2. Тату, өзара көмек, нағыз достар, адал, сенімділік, бір-біріне, әрқашан, бірге, шындық, қадір-құрмет, жұп жазбаймыз сөздерін қатыстырып, «Достық» тақырыбына мәтін құрыңыз.

14-сабақ.

2.4.1. «Менің досым» .

Менің досымның аты - Жандос. Біз бірінші сыныптан бірге тоғызыншы мектепте оқыдық. Бірақ ол алтыншы сыныпта жаңа мектепке оқуға түсті. Қазір ол бірінші мектепте оқиды. Жандос жақсы оқиды. Ол менің ең жақсы досым. Біз бірге далада жүреміз, бала кезімізден бірге футбол мен баскетбол ойнаймыз. Жандос күреспен шұғылданады. Күреске бір жыл қатысады. Ол жақсы, мәдениетті адам, мені ешқашан алдамайды. Оның мінезі салмақты, жігерлі, өзі беделді. Жандос көп біледі, маған сабақ оқуға көмектеседі. Оның мектептегі сүйікті пәні - химия мен қазақ тілі. Ол өте жақсы жолдас. Мен оның қиын жағдайда қол ұшын беретініне сенемін, бір-бірімізге әрқашан көмектесеміз. Біз нағыз жолдаспыз, достық қарым-қатынасымыз берік.

2. «Менің досым» тақырыбына сұхбат.

- Сенің досың кім?
- Менің қазіргі досым Айгүл.
- Айгүл немен шұғылданады?
- Айгүл би үйірмесіне қатысады.
- Ол қайда оқиды?
- Ол Бизнес колледжде оқиды.
- Қашаннан бері доссыңдар?
- Бала кезімізден біргеміз. Айгүл нағыз дос. Мінезі жарқын, ақкөңіл және әдемі қыз. Біз әрқашан татумыз.

Бақылау сұрақтары: 1. «Менің досым» тақырыбына шағын мәтін жазыңыз (жақсы доспыз, бала кезімізден, достық қарым – қатынас, көмектесеміз, шұғылданады, жолдастары арасында, салмақты, жігерлі, беделді, қиын жағдайда, қол үшін береді, нағыз жолдас). 2. «Менің досым» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

15-сабақ.

2.5.1. Үй-іші, туған-туысқандар.

«Менің отбасым» тақырыбына әңгіме.

Мен геологиялық барлау колледжінде оқимын, бірінші курстың студентімін. Менің аты-жөнім Каримов Рустам. Мен бұрғылаушы бөлімінде оқимын.

Менің отбасым үлкен: атам, әжем, әкем, шешем, екі ағам, апайым, інім, қарындасым және мен. Ағаларымнан басқасы Семейдеміз. Атам жіне әжем - егде адамдар, олар – зейнеткерлер. Әкем – инженер. Шешем – мұғалім. Екі ағам – қызметкер. Олар Астанада министрлікте. Апайым тұрмыста. Інім мектепте – оқушы. Қарындасым кішкентай, балабақшаға барады.

Біздің үйіміз Семейде, қаланың орталығында орналасқан. Біздің үйіміз үлкен екі қабатты үй. Отбасымыз жақсы және өте тату тұрады.

2. «Туған-туысқан» атауларына қатысты сөздік.

Старший брат – аға

Младший брат – іні

Старшая сестра – апай, апа

Младшая сестра – қарындас, сіңілі

Родственники со стороны матери – нағашы жұрт

Родственники со стороны супруга(-ги) – қайын жұрт

Ата - дедушка

Әже, апа – бабушка

Құда – сват

Келін - сноха

Бақылау сұрақтары: 1. «Менің отбасым» тақырыбына әңгіме құрыңыз. (біздің отбасымыз, үлкен, онша үлкен емес, әке-шешем, ағам, інім, апайым, сіңілім, қарындасым, ата-әжем, егде адамдар, зейнеткерлер, жұмыс істейді, мектепте оқиды, балабақшаға барады, біздің үйіміз, қаланың орталығында, орналасқан, өте тату, тұрады). 2. Туған-туысқан атауларына қатысты сөздік құрыңыз: старший брат, младший брат, старшая сестра, младшая сестра, родственники со стороны матери, родственники со стороны супруга (супруги).

16-сабақ.

2.6.1. «Менің жақындарым» .

Менің көп жақындарым бар. Бұл ағам, тәтем, әжем, нағашы апам мен нағаша әжем және апайым. Ағайымның аты-жөні Біржан. Ол дәрігер болып істейді, оның жасы отыз үште. Ол Ресейде тұрады, үйленген. Оның әйелі маған жеңге болады. Тәтемнің аты-жөні Сара. Ол тігінші болып істейді, оның жасы қырық жетіде. Менің тәтем Семей қаласында тұрады. Әжемнің аты-жөні Әсем Дулатқызы. Ол зейнеткер. Менің әжем Өскемен қаласында тұрады. Апайымның аты Венера. Апайым тұрмыста. Оның күйеуі маған жезде болады. Ол технология университетінің төртінші курсына оқиды. Оның мамандығы химик-биолог. Біз туған-туыстарымызбен жақсы қарым-қатынастамыз.

2. «Жеті ата» тақырыбына сұхбат.

- Ата, жеті ата дегеніміз не?

- Е, балам әр буынның өзіндік аты бар. Олар: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Бір әкеден бірнеше ұл туып, жоғарыдағыдай өсіп өркендеген соң, бір қауымға, не бір тайпа елге, тіпті руға да айналған. Туажаттан туған жүрежат, одан туған жекжат, жекжаттың баласы жұрағат атанған. Жеті атаны бөлектеп алудың мәнісі-қазақ ұлтында нағыз жақын туыстықтың шегі-жеті атамен аяқталады. Яғни, туыстықтың бұл мөлшері екі жарым ғасырға созылған. Бұл аралықта, "аталастардың" құда болуы, ерлі-зайыпты болу "тұқым бұзушылық" болып есептелген. Ғашықтық жолмен қосылғандар қатал жазаланған.

- Неге, қатал жазаланған? Ол не үшін керек болған?

- Әдет-ғұрыпты сақтау үшін кейінгі ұрпаққа жеті атасын білу міндет есептелген. Бұл-ағайынды адамдар арасындағы ар-ұятты, адамгершілікті адал ұстаудың тұрақты жолы. Түсіндің бе, балам?

- Иә ата, түсіндім. Рахмет сізге.

Бақылау сұрақтары: 1. «Менің жақындарым» тақырыбы бойынша мәтін құраңыз (менің туыстарым көп, көп емес, нағашы атам мен нағашы әжем, нағашы туыстарым, апайым тұрмыста, оның күйеуі, жезде, ағам үйленген, оның әйелі, жеңге, жұмыс істейді, туған-туыстарымыз, жақсы қарым - қатынастамыз). 2. Мына сөздерді және сөз орамдарын қатыстырып атамен «Жеті ата»

тақырыбына сұхбат құрыңыз (әр буынның, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жеті атасын білу, туыстық атауларды, әдеп-ғұрыпты сақтау үшін, білу керек, ұрпақ сау болу үшін).

III тарау.

17-сабақ.

3.1.1. Уақыт.

Мыңдаған жылдар бұрын адамдарға уақытты дәл білу онша қажет болмады. Біртіндеп өмір күрделене бастағанда, сағаттың қажеттілігі туып, рөлі артты.

Уақытты санаудың ең алғашқы қарапайым құралы күн сағаты болған. Ол бұдан 3500 жыл бұрын пайда болды. Бірақ күн бүлтты күні күн сағат қолайсыз болды. Сондықтан адамдар су сағатын ойлап тапты. Су бір ыдыстан екінші ыдысқа тамшылап тұрады. Бірінші ыдыс суы біртіндеп азайып уақыттың дәл мезгілін білдіреді. Құм сағаты дәл осылай жұмыс істейді.

Механикалық сағаттар жөніндегі деректер VI ғасырдың аяғында белгілі болған. Мұнда сағаттың бір ғана тілі болған. Кварцты сағат 1929 жылдары пайда бола бастады, ал 1404 жылы Мәскеуде тұңғыш мұнара сағаты орнатылды. Кремльдегі бұл сағат Ресейдің басқа қалаларында да орнатылды. Кварцты сағат отыз жылда бір секундқа ғана қателесуі мүмкін.

XX ғасырдың 70-жылдары электронды сағат кеңінен тарады. Соңғы кезде өздігінен жүретін сағаттар да пайда бола бастады. Сондай-ақ қалта сағаты, қол сағаттары бар.

Сағаттың өмірде алатын орны ерекше: жүректің соғуы, күннің шығуы мен батуы, жыл мезгілінің алмасуы — бәрі белгілі бір уақытпен өлшеніп, анықталып отырады.

2. Уақытты қазақша сөзбен жазыңыз.

20:30 – сегіз жарым; 14:15 – екіден он бес минут кетті; 09:10 – тоғыздан он минут кетті; 12:35 – бірге жиырма бес минут қалды; 18:55 – жетіге бес минут қалды; 21:48 – онға он екі минут қалды; 06:05 – алтыдан бес минут кетті; 11:15 – он бірден он бес минут кетті.

Бақылау сұрақтары: 1. Бұрын, уақытты дәл білу, біртіндеп, уақытты санау, күн сағаты, 3500 жыл, су сағаты, тамшылап тұрады, құм сағаты, механикалық, алтыншы ғасыр, кварцты, электронды, өздігінен жүретін сағаттар, қалта сағаты, қол сағаты, алатын орны ерекше, дәлірек көрсететін сөз тіркестерін қатыстырып, «Сағат» тақырыбына мәтін құрыңыз. 2. Цифрдың астына уақытты қазақша сөзбен жазыңыз: 20:30, 14:15, 09:10, 12:35, 18:55, 21:48, 06:05, 11:15.

18-сабақ.

3.2.1. Табиғат, Табиғатты суреттеу.

Вижу такую чудесную природу – Мұндай ғажайып табиғатты көріп тұрмын. Очень красиво –Өте әдемі. Водопад – сарқырама. Родник – бұлақ. В горах – тауда. Лес – орман. Звери – аңдар. Особенный – ерекше. Покрываются белым снегом – Ақ қар жамылады. Дует ветер – Жел соғады.

2. «Табиғат» тақырыбы бойынша мәтін.

Табиғаттағы барлық нәрсе өзара тығыз байланысқан. Жер бетіндегі ең әдемі көрініс бұл - табиғат. Табиғат жермен, өзен-көлдермен, ауамен және айналасындағы барлық тірі ағзаларымен байланысты.

Табиғатта қоршаған орта жыл мезгілі сайын түсін ауыстырады. Жаздан бастасақ. Жазда табиғат жасыл түсті болады. Жазда табиғаттың бар байлығы көрінеді. Күзде табиғат алтынсары түске боялады. Жемістер пісіп жатады. Күзде табиғат құбылыстары көп. Мысалы: Күн суйды, құстар жылы жаққа ұшады, күз – қыстың басы. Қысқы табиғат. Қыста қоршаған орта ақ қар жамылады. Көлдер -өзендер қатып, көк мұзға айналады. Қыста табиғат бар суық күшін көрсетеді. Көктем мезгілі. Көктем - тамаша мезгіл. Табиғат өзгеріп, жаңа өмір басталады. Көктем табиғаты өте тамаша. Ағаштар бүршік жарып, мұздар еріп, күн жылынып, құстар қайтып оралады. Көктемде табиғат қайтадан туады. Біздің елімізде табиғатты қорғау ісіне ерекше мән беріледі.

Бақылау сұрақтары: 1. «Табиғат» тақырыбы бойынша сөздіктерді аударыңыз: вижу такую чудесную природу; очень красиво; водопад; родник; в горах, лес, звери, особенный, покрываются белым снегом, дует ветер. 2. «Табиғат» тақырыбы бойынша мәтін құрыңыз.

19-сабақ.

3.3.1. «Менің өлкем» тақырыбына сұхбат.

- Сенің сүйікті өлкең қай қала?
- Менің сүйікті өлкем Семей қаласы. Бұл қала көп ұлтты. Менің өлкемнің болашағы үлкен қала. Мұнда әсем, зәулім ғимараттар салынып жатыр.

- Ол қайда орналасқан?
- Менің өлкем Шығыс Қазақстанда орналасқан. Бұл қала талай тарихи оқиғаларды бастан өткізген қасиетті өлке. Бұл жердің ауасы таза, қысы қатаң, жазы ыстық. Табиғаты тамаша әрі көркем.

- Қандай әйгілі адамдар бар?
- Біздің жерде Абай, Мұхтар, Шәкәрім сияқты ұлы ғұламалар дүниеге келді.
- Ол қандай қалалармен шектеседі?
- Семей қаласы Өскемен, Қарағанды, Павлодар қалаларымен шектеседі. Онда жүзден астам ұлт өкілдері бір-біріне көмектесіп өзара тату, ынтымақта тұрады. Мен өлкемді, туған жерімді, халқымды жақсы көремін.

2. Сөздерді аудару.

Тұрамыз – живем; қай өлкеде? – каком краю? Расположен – орналасқан; Шығыс Қазақстан – Восточный Казахстан; қандай қала – какой город; сондықтан – поэтому; жақсы көремін – люблю; көркем – красивый; тамаша – прекрасный.

Бақылау сұрақтары: 1. «Менің сүйікті өлкем» тақырыбына сұхбат құрыңыз (тұрамыз, қай өлкеде? орналасқан, Шығыс Қазақстан, қандай қала, сондықтан, жақсы көремін, көркем, тамаша).
2. Жоғарыда берілген сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

20-сабақ.

3.4.1. «Менің туған жерім» тақырыбына мәтін.

Менің туған жерім Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы. Семей қаласы Ертіс өзенінің екі жағында орналасқан. Семей қаласында ұлы ақын Абай, данышпан жазушы Мұхтар Әуезов білім алған қала. Бұл 19 ғасырдың 50-жылдарында Шоқан Уәлиханов әскери қызметте болған жер. Семей қаласының тарихы шежіреге өте бай. Қазір бұл қала студенттер қаласы деп те аталады, себебі, көптеген орта және жоғары оқу орындарында көптеген жастар білім алуда.

Мен өзім туған қаланы өте жақсы көремін. Әр азамат өз елінің патриоты болу керек деп ойлаймын.

2. Туған жер туралы мақал-мәтелдер.

1. Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.
2. Өз елім - өлең төсегім.
3. Ел іші - алтын бесік.
4. Аққу көлін аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.
5. Туған жердің ауасы да шипа.

Бақылау сұрақтары: 1. «Менің туған жерім» тақырыбына тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрыңыз (дүниеге келеді, алтын бесік, оның ауасы, әдемі қала, қарағайлы орман, ұлы адамдар, облыс, жері кең, өзен, мәдени орталық). 2. Туған жер туралы 5 мақал-мәтел жазыңыз.

21-сабақ.

3.5.1. «Менің Отаным» тақырыбына мәтін.

Менің Отаным - Қазақстан. Оның жері кең-байтақ. Бұл мемлекет Еуразияның орталығында орналасқан. Қазақстанның табиғаты тамаша. Мұнда Іле Алатауы, Ертіс, Сырдария, Әмудария өзендері және шетсіз-шексіз ұлы дала жатыр. Қазақстанның ұлан-байтақ даласында мол байлық бар, бұл сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер, пайдалы қазбалар.

Астанасы - Арқаның төрінде орналасқан Астана қаласы. 1991 жылдың 25 қазанынан бастап еліміз тәуелсіздік туын көтерді. Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің тұңғыш Президенті болып

сайланды. Қазақстан - әр түрлі халық өкілдері бейбіт тұрып жатқан ел. Қазір еліміздің Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, жаңа Ата заңы, ұлттық валютасы (төл теңгесі) бар.

Тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаннан бері Қазақстанды әлемнің жүзден астам елі таныды.

2. Сөздерді аударыңыз.

Тәуелсіз – независимая; бейбіт – мир; егеменді – суверенная; көп ұлтты – многонациональная; бай-богатая; мемлекет – страна; өзендер – реки; кең байтақ – широкая; табиғаты тамаша – прекрасная природа; Астанасы – столица; ұлт өкілдері – представители нации.

Бақылау сұрақтары: 1. «Менің Отаным» тақырыбына тірек сөздерді қолданып мәтін жазыңыз (тәуелсіз, бейбіт, егеменді, көп ұлтты, бай, мемлекет, өзендер, кең байтақ, табиғаты тамаша, Астанасы, ұлт өкілдері). 2. Жоғарыда берілген сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

22-сабақ.

3.6. Бақылау жұмысы №2.

1. «Менің досым», «Менің отбасым», «Менің туыстарым» тақырыбына мәтін жазу.
2. Сурет бойынша әңгіме құру. (Табиғат).
3. Тірек сөздерді қолданып мәтін құру. (Менің өлкем. Отан.).
4. Туған жерге, Отанға байланысты 3-4 мақал-мәтел, нақыл сөз айту.

23-сабақ. IV тарау. 4.1.1. «Ауа райы».

Жылдың төрт мезгілі бір-біріне ұқсамайды. Қыста қатты аяз, жазда ыстық, күзде қоңыр салқын күндер жиі болады. Көктемде күн жылына бастайды. Жазда желсіз, аспан көбінесе бұлтсыз ашық болады. Жаңбыр онша көп жаумайды. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Маусымның 22-сінде күн мен түн теңеледі.

Жаздан кейін қоңыр салқын күз де келіп жетеді. Қараңғылық ерте түседі. Аспанда қара бұлт қаптап, жауын да жиі-жиі жауады. Қар аралас жауын-шашын болады.

Қыста дала, орман, үйлер ақ қар жамылады. Өзендер мен көлдердің бетін көгілдір мұз жабады. Күн аязды, жер тайғақ болады. Бұл кезде енді күн қысқа, түн ұзақ болады.

Қыстан кейін көптен күткен көктем де келеді. Бұл кезде күн жылына бастайды. Табиғат қысқы ұйқысынан оянады. Түн қысқарып, күн ұзарады. Күннің көзі жарқырайды. Кейде жылы жаңбыр жауып, оңтүстіктен жылы жел еседі. Енді көктем өз орнын жазға береді.

Жылдың әр мезгілінде ауа райы өзгеріп тұрады. Сондықтан адамдар ауа райының болжауын радиодан, теледидардан біледі. Ауа райын бір-екі күн, апта, ай бұрын алдын ала болжауға болады. Мұнымен метеорология ғылымы айналысады. Ауа райын болжайтын қарапайым аспаптардың бірі — барометр.

Ауа райының құбылысын алдын ала біліп отыру кеме капитандарына, ұшқыштарға, автомобиль жүргізушілеріне, теміржолшыларға, құрылысшыларға, егіншілерге және малшыларға аса қажет.

2. Бүгінгі ауа райы туралы айтыңыз?

Бүгін ауа райы қандай жақсы! Күн жылы, аспан ашық. Ауа таза. Кешке жылы жаңбыр жауады.

Бақылау сұрақтары: 1. «Ауа райы» тақырыбына тірек сөздерді қолданып мәтін құраңыз: қатты аяз, ыстық, қоңыр салқын, бұлтсыз, жаумайды, жауын-шашын, жамылады, жел соғады, ауа райын болжау, қарапайым аспап, құбылыс, бақылайды. 2. Бүгінгі ауа райы туралы айтыңыз.

24-сабақ.

4.2.1. Жыл мезгілдері. Қыс.

Қыс - ең суық жыл мезгілі. Бұл ерекше мерзім. Қыста далада өте тамаша!

Қыста күндер аяз болады. Қыста дала, орман, үйлер ақ қар жамылады. Өзендер мен көлдердің бетін көгілдір мұз жабады, бұл ғажап емес пе? Ағаштарда жапырақтар жоқ. Қыс айлары

тауда шаңғымен серуендеуге, Медеуде коньки тебуге болады. Өзендердің бетін көгілдір мұз жабады.

Қысқы құбылыстар: қатты жел еседі, ақ қар жауып тұр, күн аяз, қыста өзендер қатады, тайғак болады.

2. «Қыс»

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы — ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген окшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.

Бақылау сұрақтары: 1. «Қыс» тақырыбына әңгіме құрыңыз (жыл мезгілі, қыс айлары, өзендердің бетін, суық, қар жауады, аяз, ақ қар жамылады, аққала жасайды, шаңғы тебеді, мұз айдыны, сырғанады, көгілдір мұз жабады). 2. Абайдың «Қыс» өлеңінен үзінді жатқа айтыңыз.

25-сабақ.

4.3.1. Көктем. Наурыз – жыл басы.

Наурыз мейрамы - адамзат тарихындағы ең көне мерекелердің бірі. Наурыз жыл басы. Наурыз айының 22-сінде күн мен түн теңеледі.

Наурыз адамзатты еңбекке баулиды. тәлім-тәрбиелі болуға шақырады. Наурызды қарсы алу - бұл рухыңның көтерілуі. жан дүниенің тазаруы.

Наурыз - парсы тілінен аударғанда «жана күн» не «жаңа жыл» дегенді білдіреді. Бұл күнді ата-бабаларымыз жыл басы деп есептеп. мерекелік ас - наурыз көже әзірлеген. Наурыз көжені жеті түрлі тағамнан әзірлеген. Наурыз мерекесін шығыстың көптеген халықтары тойлайды. Наурызда мейіріманды адамдар ән айтып, көңіл көтереді, ренжіскендер татуласады.

1991 жылы наурыз айының 15-інде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен наурыздың 22-сі - бүкілхалықтық мереке, демалыс күні болып жарияланды.

2. «Жазғытұрым»

Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.
Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал
Жарбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Бақылау сұрақтары: 1. Тірек сөздерді пайдаланып, «Наурыз – жыл басы» тақырыбы бойынша мәтін құрыңыз (көптен күткен көктем, көктем айлары, жылына бастайды, ериді, күн ұзарады, жыл құстары, қайтып оралады, Наурыз мейрамы, жыл басы, күн мен түн теңеледі, наурыз көже, жеті түрлі тағам, парсы сөзі, тойлайды). 2. Абайдың «Жазғытұрым» өлеңінен үзінді жазыңыз.

26-сабақ.

4.4.1. Жаз. Жазғы демалыс.

Бір жылда төрт мезгіл - күз, қыс, көктем және жаз бар. Жаз айлары - маусым, шілде, тамыз. Жаздың ең ыстық айы - шілде. Жаз айларында балалар өзенде шомылады, күнге қыздырынады.

Маусымда табиғат ерекше, шілде айында күн ыстық болады, тамызда жеміс-жидектер піседі. Жазда адамдар ерте тұрып, кеш жатады. Жазда күн ұзақ, түн қысқа. Әр мезгіл өзінше ерекше. Мен жазды ұнатамын.

2. «Жазғы демалыс» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

- Сәлеметсізбе, қалыңыз қалай?
- Сәлеметсіңбе, Айнұр. Бәрі жақсы. Өзің қалайсың?
- Бәрі де ойдағыдай, жазғы демалысқа шықтым.
- Сабағыңды қалай аяқтадың?
- Сабағымды өте жақсы бітірдім.
- Жазғы демалыста отбасымызбен көлге демалуға барамыз.
- Қай көлге барасыңдар?
- Алакөлге барамыз, оның табиғаты бізге өте ұнайды.
- Онда жақсы екен. Жақсылап демалыңдар.
- Сау болыңыз.
- Келесі кездескенше.

Бақылау сұрақтары: 1. «Жаз» тақырыбына тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрыңыз (жаз айлары, ұзақ, қысқа, күн ыстық, жеміс-жидектер піседі, ерте тұрады, кеш жатады, демалыс уақыты, шомылады, серуендейді, өзенде, аспан, бұлтсыз ашық, ұнайды). 2. «Жазғы демалыс» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

27-сабақ.

4.5.1. Күз. Жеміс-жидектер.

Күз келді. Күз айлары қыркүйек, қазан, қараша. Қараша айында қар жаууы мүмкін. Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түсіп жатыр. Бау-бақшада жеміс - жидектер пісіп жатыр.

Күн суыта бастады. Құстар жылы жаққа ұшып кетті. Аспанда бұлттар көп. Жаңбыр жауғалы түр. Адамдар жылы киінген.

Күз дегеніміз - біріншіден, байлық, молшылық, қап-қап астық, картоп, жүгері, күнбағыс, қарбыз, қауын, алма, өрік, жүзім. Осының бәрі күзде әбден пісіп жетіледі.

Әне, қараңдаршы! Дала да, егін де, тоғай да - бәрі де сап - сары. Сондықтан да халық күзді «алтын күз» дейді. Екіншіден, күз - ет пен май. Мал да, аң да, құс та күзге дейін әбден семіріп болады. Үшіншіден, күз - қауырт жұмыс кезі. Қысқа дайындалатын кез. Күздің бір күні қыстың бір айын асырайды. Күзде аянбай еңбек етсең, қыста қысылмайсың.

Қысқа адам да, аң да, барлық жан-жануарлар да дайындалады. Күзде жыл құстары жылы жаққа қайтады. Күзде күн қысқарып, түн ұзарады, жауын-шашын көбейеді.

Міне, сондықтан да күздің әрбір осындай ашық күнін толық пайдаланып, мол өнімді тез жиып алу керек. Маған күз өте ұнайды.

2. «Күзгі бақшада» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

- Қазіргі күз мезгілі маған ұнайды.
- Күзде күн әрі салқын, әрі қысқа, сондықтан маған онша ұнамайды.
- Күзде ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі.
- Иә, аспан бұлтты болып, жаңбыр жауады.
- Күзгі бақшада өте әдемі.
- Бұл кезде жеміс-жидек көкөніс өте көп.
- Иә, алма, тошала, таңқурай, алмұрт, шие, өрік, т.б. жеміс-жидектер пісіп, күз өз молшылығын көрсетеді.
- Күз молшылық кезі ғой.

Бақылау сұрақтары: 1. «Күз» тақырыбына тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрыңыз (күз айлары, ауа-райы құбылмалы, жыл құстары, көкөніс, жеміс, астық піседі, қысқа дайындалады, жаңбыр, сарғаяды, қысқарады, ұзарады, қауырт жұмыс кезі). 2. «Күзгі бақшада» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

V тарау.

28-сабақ. Қала 5.1.1. Алматы қаласы

Алматы қаласы — бұрынғы Қазақстан Республикасының астанасы. Ол — оңтүстік астана.

Алматы — өте үлкен, әдемі қала. Алматыда Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері бар. Олар қаланың орталығында. Алматының көшелері түзу және кең. Осы кең, түзу көшелерде машиналар, автобустар, трамвайлар, троллейбустар өте көп.

Алматыда көп қабатты үйлер, Әуезов қазақ драма театры, Лермонтов орыс драма театры, "Арман", "Алатау", "Байқоңыр" кинотеатрлары, Мәдениет сарайы, Неке сарайы, Орталық спорт кешені, мейрамханалар, дүкендер бар. Қаланың орталығында 25 қабатты қонақ үйі, цирк, "Заңғар" сауда үйі, теміржол бекеті, әуежай, орталық кітапхана және оқу орындары бар. Медеу мұз айдыны да жақын.

Алматы қаласында ықшамаудандар өте көп. Олар: "Көктем", "Самал", "Орбита", "Ақсай", "Айнабұлақ", "Таугүл", т. б.

Менің үйім "Орбита" ықшамауданында. Ол қаланың орталығында емес, шетінде. Мұнда бәрі бар: көп қабатты үйлер, дүкендер, "Байқоңыр" кинотеатры, мешіт, мектептер және балабақшалар.

2. «Астана - еліміздің бас қаласы» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

- Қазақстанның астанасы қай қала? Ол қай жылы Қазақстанның бас қаласы болып жарияланды?
- 1998 жылы 6-мамырда Елбасының жарлығымен ҚР-сының астанасы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды. Сол жылы маусымның 10-да тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті.
- Астанада қандай өзгерістер бар?
- Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды.
- Қандай көрікті жерлерінде болдың?
- Астана қаласында Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Жастар сарайы, көп қабатты тұрғын үйлер бой көтерді.
- Қазір Астана ненің орталығы?
- Астана – ҚР-ның саяси, әкімшілік, экономикалық мәдени орталығы, бас қала.

Бақылау сұрақтары: 1. Тірек сөздерді пайдаланып «Алматы қаласы» тақырыбына мәтін құрыңыз (бұрынғы астанасы, үлкен қала, үлкен Алматы, кіші Алматы өзендері, Медеу мұз айдыны, Алатау тауы, бұрын, ерекше көрік, түзу әрі кең көшелер, жастар қаласы, студенттер ордасы, мәдениет сарайлары, ықшамаудан). 2. «Астана- еліміздің бас қаласы» тақырыбына сұхбат құрыңыз (1998 жылы 6-мамырда жариялау, жарлыққа қол қою, салтанатты ашылу рәсімі, аз уақыттың ішінде, көрікті қала, қонақ үй, Жастар сарайы, көп қабатты тұрғын үйлер, саяси, әкімшілік, мәдени орталық, 2004 жылы 10- маусымда).

29-сабақ.

5.2.1. Қала көлігі.

«Жол жүру» тақырыбына әңгіме құрыңыз.

Менің атым Ксения. Мен Ақтөбеденмін. Мен Семейдегі геологиялық барлау колледжінің бірінші курсында оқып жүрмін. Қызмет бабымен ел ішінде немесе шетелге сапар шекпеймін, өйткені студентпін. Жазғы және қысқы демалыста ата-анама барамын. Олар Ақтөбеде тұрады. Ақтөбеге дейін ұшақ, пойыз, автобус Астана арқылы барады. Мен пойызбен барамын. Теміржол бекетіне кіріп, ең алдымен анықтама бюросына бардым. Билет сатып алдым. Менің қол жүгім ауыр емес. Мен алтыншы вагонға отырдым. Мен жолсеріктен төсек-орын алып, төменгі орынға орналастым. Пойыз дәл белгіленген уақытында жүріп кетті. Жолаушылар бір-біріне сәтті сапар тіледі.

2. «Қоғамдық көлікте» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

- Мына автобус қайда барады?
- Бұл автобус Орталық стадионға барады.
- Сіз қай автобуска мінгелі тұрсыз?

- Мен 43-ші автобусқа мінемін.
- ҚазМУ-ге қандай автобуспен баруға болады?
- 70-ші, 51-ші, 40-шы автобуспен баруға болады.
- Міне, 40-шы автобус келді, мінесіз бе?
- Иә, мінемін.
- Билет қанша тұрады?
- Билет 30 теңге тұрады
- Қазір қандай аялдама?
- Қазір Шәкәрім даңғылы.
- ҚазМУ-ге дейін неше аялдама калды?
- Сіз келесі аялдамадан түсуіңіз керек.
- Өтіп кетуге рұқсат етіңіз.

Бақылау сұрақтары: 1. Тірек сөздерді пайдаланып «Жол жүру» тақырыбына әңгіме құрыңыз (қызмет бабымен, ел ішінде, шетелге, сапар шегу, пойыз, ұшақ, анықтама бюросы, билет сатып алу, жолаушылар пойызы, пойыздың келуі, кесте, қол жүгі, жолсерік, төсек-орын). 2. «Қоғамдық көлікте» тақырыбы бойынша сұхбат құрыңыз.

30-сабақ.

5.3.1. «Қаладағы тарихи орындар» тақырыбы бойынша тірек сөздер:

Тарихи орындар - исторические места

Көрнекті орындар - достопримечательности

Ескерткіш - памятник

Сәулет өнері - архитектура

Саябақ - парк

Жеңіс саябағы - сквер Победы

Мұражай - музей

Көпір - мост

Аспалы көпір - подвесной мост

Қала бойынша экскурсия - экскурсия по городу

Жолбасшы - гид

Жол нұсқар - путеводитель

Мәдени орталық - культурный центр

Сазды-драма театры - музыкально-драматический театр

Әдеби-мемориалдық мұражай - литературно-мемориальный музей

Тарихи-өлкетану мұражайы - историко-краеведческий музей

Қарағайлы орман - сосновый бор

Бейнелеу өнерінің мұражайы - музей изобразительных искусств

Қаланың орталық бөлігі - центральная часть города

2. «Қаланың көрікті жерлері» туралы сұхбат құрыңыз.

- Сіз Семей қаласында тұрасыз ба?

- Иә.

- Сіздің қалаңыз әдемі ме?

- Қаланың әдемі жерлері көп.

- Семей қандай қала?

- Семей – Қазақстанның ірі, мәдениетті қалаларының бірі.

- Семей қаласында қандай көрікті жерлер бар?

- Онда көп мұражайлар, театрлар, жастар сарайы, қарағайлы орман, аспалы көпір, Ертіс өзені, көптеген орта және жоғары оқу орындары бар.

- Қалаңызда қандай ұлы, әйгілі адамдар болған?

- Қаламыздың ғана емес бүкіл еліміздің мақтанышы болатын Абай, Мұхтар, Шәкәрім сондай-ақ өнер адамдары Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаеваларды зор мақтанышпен айта аламыз.

- Шынымен-ақ қалаңыз мәдениет орталығы екен.

Бақылау сұрақтары: 1. «Қаладағы тарихи орындар» тақырыбы бойынша тірек сөздермен мәтін құрыңыз.(көрнекті орындар, ескерткіш, сәулет өнері, мұражай, мәдени орталық, қаланың орталық бөлігі,өлкетану, сазды-драма театры,). 2. Басқа қаладан келген жолдасыңызбен қаланың көрікті жерлері жайында сұхбат құрыңыз.

31-сабақ.

5.4.1.Қонақ үй. Қонақтар.

«Қонақта» тақырыбына мәтін .

Қонақта кешікпей бару керек. Сағат жетіге шақырса, сен жетіге он бес минут қалғанда бар. Таныс емес қонақтарды ең бірінші әйеліңе таныстыр. Екінші бұрын келген қонақтарға таныстыр. Қонақтардың фамилиясын, атын, әкесінің атын ата. Бұрын келген қонақтар да өздерін осылай таныстыру керек.

Қонақта өзіңді ұстай біл. Дастарқан басында жан-жағыңа қарама. Көп сөйлеп, қолыңды сермей берме. Дастархан басында әр затты дұрыс пайдалан. Тамақтардың қайсысын бірінші, қайсысын екінші жеу керек, ұмытпа.

Ең алдымен, суық тағамдарды жейді. Сонан соң ыстық тамақты жеу керек. Үшінші шай, кофе, какао, түрлі шырындар ішіледі.

Түрлі салаттарды шанышқымен же. Шанышқыны оң қолыңмен ұста.

Сұйық тамақтарды дастарқан басында ұрлеме. Екінші ыстық тамақты пышақ және шанышқының көмегімен же. Пышақты оң қолмен, шанышқыны сол қолмен ұстау керек.

Балықты, құстың етін қолмен жеуді ұмытпа. Тамақтан соң қасығыңды, шанышқыңды, пышағыңды өз тәрелкеңе салу керек.

Шай, кофе, какао және басқа да түрлі шырындарды стаканға толтырып құйма. Нанды, тоқашты, самсаны, печенбені, кәмпитті, жемісті қолмен алуға болады.

Стол басында салфетканы пайдалану керек. Қолыңды сүрткен салфетканы, тамақтың қалдықтарын өз тәрелкеңе салу керек. Стол басында тісіңді шұқылама. Ұят болады.

2. «Қонақ үйде» тақырыбына сұхбат.

Егер іс-сапармен бір жерге барсаңыз, ең алдымен қонақ үйін іздейсіз, өйткені жұмысыңызды бастамас бұрын сіз тынығып, дем алып алуыңыз керек.

Қонақ үйге келгеннен кейін сіз бөлме аласыз, тіркелесіз, және неше күнге тоқтағаныңызды айтасыз.

Қонақ үйге тіркелген кезде сіздің жеке құжаттарыңыз өзіңізбен болуы керек.

Қонақ үйлердегі мейрамханаларда адамдардың дұрыстап тамақтануы үшін барлық жағдай жасалған. Мейрамхана асханасында қазақтың ұлттық тағамдарын көптеп дайындайды.

- Сәлеметсізбе?

- Сәлеметсіз.

- Қарағандыға қош келдіңіз. Аман -есен жеттіңіз бе?

- Рахмет, ойдағыдай.

- Қарағандыда бірінші рет болуыңыз ба?

- Иә, мен сіздің қалаға алғаш рет келіп тұрмын.

- Мен "Жұлдыздартобы" қонақ үйінде тұрып жатырмын.

- Бүгін не істемек ойыңыз бар?

- Менің қаланы аралағым келіп еді. Қонақ үйдің қасындағы көрінісі өте әдемі екен.

- Иә, мұнда ұлттық парк (этнопарк) те, "Аквалэнд" де бар. Бүгін жұмыс мәселесін шешкеннен кейін мен сізді қаланы аралап тамашалауға шақырамын.

- Шақырғаныңызға рахмет.

Бақылау сұрақтары: 1. «Қонақта» тақырыбына мәтін жазыңыз (қонаққа, кешікпей, таныс емес, таныстыр, бұрын келген, өзіңді ұстай біл, жейді, шанышқы, оң қолыңмен, ұмытпа, ұстау керек). 2.

«Қонақ үйде» тақырыбына тірек сөздермен сұхбат құрыңыз (іс-сапармен, барсаңыз, іздейсіз, демалу, тіркелу, жеке құжат, қонақ үйлер, жағдай жасалған).

32-сабақ.

5.5. Қоғамдық тамақтану орны.

1. «Асханада» тақырыбына мәтін .

Біздің колледждің үлкен, таза, әдемі асханасы бар. Бұнда күнделікті ыстық тамақтар, сүт тағамдар, сусындар, әртүрлі тәтті тоқаштар, кондитерлік тағамдар, самсалар, бәліштер және басқа тағам түрлері дайындалады. Бұл асханада студенттермен қатар колледж мұғалімдері мен қызметкерлері де тамақтанады. Асхана қызметшілері мен аспаздар өте жоғары мәдениетті. Олар әрдайым келушілерге сапалы қызмет көрсетеді. Ас ішетін үстелдер, орындықтар, ыдыс – аяқтар әрқашанда таза және жеткілікті. Және де ең бастысы бұнда сатылатын тағамдардың дәмі де жақсы, бағасы да арзан.

Біз түскі асқа: біріншіге – сорпа немесе борщ, екіншіге – қуырдақ немесе палау, үшіншіге – шырын немесе шай кейде сүт, айран аламыз.

Дастархан мәзірін көрген соң кассирге тапсырыс бересің. Қасық, шанышқыны бос үстелге қойып, тамақты өзің аласың. Мұнда даяшы болмайды. Сондықтан бұл асханада әркім өзіне-өзі қызмет етеді.

2. «Мейрамханада» тақырыбына сұхбат.

- Сәлеметсіз бе?
- Амансыз ба? Жоғары шығыңыз! Мына орынға отырыңыз.
- Рақмет. Ас мәзірін әкеліңізші.
- Міне, алыңыз. Біріншіге не алмақсыз?
- Сорпа ыстық па?
- Иә, ыстық және дәмді. Қуырылған сиыр еті, балық тағамдары және жақсы қуырдақ та бар.
- Онда сорпа беріңіз, ал екіншіге қуырдақ әкеліңіз.
- Сусындардан не аласыз?
- Қандай сусындар бар?
- Сүттен жасалған сусындар, түрлі шырындар бар.
- Әлі таңдаған жоқпын. Сіз не ұсынасыз?
- Қымыз бар.
- Маған қымыз әкелуіңізді сұраймын.
- Десертке не алмақсыз?
- Десертке екі балмұздақ беріңіз.
- Жақсы, қазір әкелемін. Міне. Ас дәмді болсын!
- Рақмет. Қызметіңіз жақсы болды.

Бақылау сұрақтары: 1. Тірек сөздерді пайдаланып «Асханада» тақырыбына әңгіме құрыңыз (асхана, салқын тағамдар, ыстық тамақтар, сүт тағамдары, тәтті тағамдар, сусын, түскі ас, тамақтанамын, дастарқан мәзірі, біріншіге, екіншіге, үшіншіге, палау, шырын, даяшы, өзіне-өзі қызмет етеді). 2. «Мейрамханада» тақырыбына сұхбат құрыңыз (мейрамхана, дастарқан мәзірі, даяшы, тапсырыс беру, ас тәтті болсын, сорпа, кеспе көже, қышқылтым көже, қуырылған сиыр еті, қуырдақ, балық тағамдары, бірінші тағамға, сусын, таңдаған жоқпын, не ұсынасыз).

33-сабақ.

5.6. Бақылау жұмысы №3.

1. «Жыл мезгілдері» шығарма.
2. Абайдың «Қыс» өлеңінен үзінді білу.
3. «Менің қалам» тақырыбы бойынша мәтін құру.
4. «Біздің асханада» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

34-сабақ.

VI тарау.

6.1.1.«Дене мүшелері» тақырыбы бойынша мәтін.

Адамның дене мүшелеріне бас, мойын, қол, аяқ, тізе, шынтак, саусак, кеуде, қарын, иық т.б. жатады. Мұны адамның қаңқасы дейді.

Адамның бас мүшесінде шаш, бет, көз, мұрын, құлақ, ауыз, мандай, шеке, иек, қас, ерін, тіс, тіл т.б. мүшелері орналасқан. Адамдар баспен ойлайды, көзбен көреді, мұрынмен демалады, құлақпен естиді, ауызбен тамақтанады, тілмен сөйлейді, тіспен тамақ шайнайды, аяқпен жүреді, қолмен ұстайды. Бұлардың бәрі көзбен көруге болатын дене мүшелері.

Бұлардан басқа көзбен көруге болмайтын ағзалар да бар. Оларды дәрігерлер жақсы біледі. Көзге көрінбейтін мына ағзаларды жеке адамдар да сезеді, олар: асқазан, бауыр, бүйрек, жүйке, жүрек, өкпе, тамақ, іш.

Дене мүшелерін таза ұстау керек. Денсаулықтың кепілі - тазалық.

2. «Емхана қайда орналасқан?» сұхбат

Мартина: Айтыңызшы...

Кездейсоқ адам: Мен Сізді тыңдап тұрмын.

Мартина: Маған Студенттік емхана керек еді. Қай автобуска немесе бағытты таксиге отыруым керек?

Кездейсоқ адам: Сізге, 209 бағытты таксиге отыру керек. 72 квартал аялдмасынан түсесіз.

Мартина: Жаяу барсам, алыс емес пе?

Кездейсоқ адам: Жаяу алыстау болады.

Мартина: Автобуспен баруға болмай ма?

Кездейсоқ адам: Автобуспен де баруға болады.

Мартина: Жолақы неше теңге?

Кездейсоқ адам: Қырық теңге.

Мартина: Сізге көп-көп рақмет.

Кездейсоқ адам: Оқасы жоқ.

Мартина: Сау болыңыз!

Кездейсоқ адам: Сау болыңыз!

Бақылау сұрақтары: 1. «Дене мүшелері» тақырыбы бойынша тірек сөздерді қолданып мәтін жазыңыз (адамның қаңқасы, бас мүшесінде, ойлайды, көреді, естиді, сөйлейді, қолмен, көзбен көруге болатын, ағза, көзге көрінбейтін, денсаулық кепілі). 2. Тірек сөздерді пайдалан отырып сұхбат құрыңыз «Где находится поликлиника?» (емхана, қалай? қайда? орналасқан, ауырмаңыз, бағытты такси).

35-сабақ.

6.2. Дәрігерлік қызмет көрсету.

1. Дәрігермен сұхбат .

- Қай жеріңіз ауырады?

- Денсаулығым болмай отыр.

- Не мазалайды?

- Басым ауырып, қызуым көтеріліп отыр.

- Қалай сезінесіз?

- Әлсірей беремін, тәбетім жоқ.

- Тіліңізді көрсетіңіз? Енді кеудеңізді тыңдайын, еркін де терең дем алыңыз. Сізге тұмау тиген, баспаңыз бар. Қазір сізге емдеу курсын жазып беремін. Дәріханадан мына рецепт бойынша дәрілерді алып, қабылдаңыз.

- Рахмет.

- Он күннен кейін қабылдауға келіңіз. Сау болыңыз.

- Сау болыңыз.

2. Берілген сөздермен сөйлем құрыңыз.

Адам ағзасын дәрігерлер жақсы біледі. Адам құлақпен естиді, көзбен көреді, мұрынмен демалады, тілмен сөйлейді. Адамдар қыста суық тиіп ауырады. Ауырғанда біз дәріханадан дәрі сатып аламыз. Тамағым ауырғанда бал қосылған сүт іштім. Бүгін менің тәбетім жоқ.

Бақылау сұрақтары: 1. Дәрігермен сұхбат құрыңыз (қай жеріңіз ауырады, не мазалайды, қалай сезінесіз, әлсірей беремін, тәбетім жоқ, қызуым көтерілді, емделу курсың тағайындау, тұмау тиген, баспаңыз бар, дәрі қабылдаңыз). 2. Берілген сөздермен сөйлем құрыңыз: ағза, естиді, көреді, суық тию, дәріхана, бал қосылған сүт, тәбетім жоқ.

36-сабақ.

6.3.1. Емханада

Кешке біз далада көп жүрдік. Жатақханаға кеш қайттық. Түнде Азамат нашар ұйықтады, қызуы қатты болды. Бізге дәрігерді шақыртқызбай, өзім барамын-деді. Емханада дәрігерге тіркеушіден сұрады:

- Дәрігер қабылдай ма?
- Қай дәрігер?
- Терапевт
- Сіздің аты-жөніңіз кім? Қайда оқисыз?
- Фамилиям Каримов, Атым -Азамат. Геологиялық барлау колледжінің «бұрғылаушы» бөлімінде оқимын.
- 5-ші бөлмеге барыңыз
- Рұқсат па?
- Рұқсат
- Сәлеметсіз бе?
- Сәлемет пе! Отыр фамилияң кім?
- Каримов
- Қай жерің ауырады?
- Басым және тамағым ауырады
- Тамағыңды көрсет тексерейін. Киіміңді шеш. Өкпеңді және жүрегіңді тыңдаймын, қызуыңды өлшеймін. Сен баспа ауыруымен ауырыпсың. Қазір рецепт жазып берейін дәріханадан дәрі сатып ал. Күніне үш рет іш. Ыстық сүт іш. Жұма күні кел. Жазыл, денсаулық сақтау керек.
- Рахмет, сау болыңыз.
- Сау болыңыз?

2. «Дәрігерді үйге телефон арқылы шақыру» сұхбат

- Алло, Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Дәрігерді үйге шақырайын деп едім.
- Қай жеріңіз ауырады?
- Қызуым көтеріліп, жүрегім айни береді.
- Мекен жайыңызды айтыңыз.
- Карменова көшесі, 36-үй.
- Жақсы. Күтіңіз. Қазір дәрігер келеді.
- Рахмет. Сау болыңыз.

Бақылау сұрақтары: 1. «Емханада» тақырыбы бойынша тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрыңыз (дәрігерге, тіркеуші, қабылдау, қай жерің ауырады? Жөтел, тұмау, түшкіру, тексеру, өкпе мен жүректі тыңдау, қызуды өлшеу, суық тиді, баспа ауруы, дәріхана, сатып алу, емделу, жазылып кету). 2. Дәрігерді үйге телефон арқылы шақыру тақырыбына сұхбат құрыңыз.

37-сабақ.

6.4. Мерекелер.

1. ҚР-сының ұлттық мерекелері.

Қазақстанда мерекелік күндер өте көп.

Мерекенің екі түрі бар: бірі - үкіметіміз ресми түрде бекіткен тойлар, екіншісі — ресми емес, ұлттық мерейтойлар.

Қазақстан Республикасы — егеменді, тәуелсіз ел. Тәуелсіз ел — бақытты ел. Бақытты елде мереке көп. Қазақстанның Тәуелсіздік күні желтоқсанның он алтысында. Бұл мереке және Конституция күні (тамыздың отызында), Республика күні (қазанның жиырма бесінде) - ұлттық ресми мереке күндері. Қаңтардың бір-екісінде тойланатын Жаңа жыл мерекесі, наурыздың сегізінде тойланатын Халықаралық әйелдер күні, наурыздың жиырма екісінде тойланатын Наурыз мейрамы, мамырдың бірінде тойланатын Халықаралық ынтымақ күні және мамырдың тоғызында тойланатын Жеңіс күні — бұрыннан тойланып келе жатқан ресми ұлттық мерейтойлар.

Ең маңызды мейрам - бұл Жеңіс күні. Бұл мейрамда бүкіл адамдар Ұлы Отан Соғысына қатысқан ардагерлерді құттықтайды.

22-ші наурыз Қазақстанда жаңа жыл болып саналады. Бұл мейрамда бүкіл адамдар демалады.

Бұл күндері Қазақстанның қалаларында әр түрлі мерекелік шаралар өткізіледі. Біз барлығымыз осы мереке күндерін асыға күтеміз.

Қазақ халқы - тойшыл халық. Қазақ халқында жақсы тілек бар: "Той тойға ұлассын!" Біз осы тілекті тәуелсіз елімізге тілейік.

2. Бір мерекеге құттықтау жазыңыз.

Наурыз құтты болсын! Ақ мол болсын!

Аспанымыз ашық болсын! Еліміз тоқ болсын!

(Туған күнің құтты болсын! Зор денсаулық, мол бақыт, ашық аспан, еңбегіңізге табыс тілеймін).

Бақылау сұрақтары: 1. «Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелері» тақырыбына тірек сөздерді қолданып мәтін құрыңыз (екі түрі, ресми түрде, ұлттық мерейтойлар, тәуелсіз ел, бақытты, көп, тойланатын, әйелдер күні, Халықаралық Ынтымақ күні, Жеңіс күні, Конституция күні, тойшыл халық). 2. Бір мерекеге құттықтау жазыңыз.

38-сабақ.

6.5. Өнеркәсіп орындары.

1. «Өнеркәсіп» тақырыбына тірек сөздерді қолданып, мәтін құрыңыз.

Қазақстан өнеркәсібі еліміздің біртұтас халық шаруашылығы комплексінің құрамдас қомақты бөлігі. Өнеркәсіптің жетекші салаларына: қара және түсті металлургия, ауыл шаруашылығы машиналарын және станоктар жасау, мұнай, газ, көмір өндіру, энергетика жатады. Республикамыз көптеген пайдалы қазбаларға, кен орындарына бай.

Көптеген өнеркәсіп орындары өз өнімдерін әлемнің әр еліне экспортқа шығарады. Өнеркәсіп орындарында жоғары квалификациялы кадрлар еңбек етеді.

2. «Өнеркәсіп орындары» тіркесімен бес сөйлем құрыңыз.

Өнеркәсіп орындарында көптеген адамдар еңбек етеді. Өнеркәсіп орындары өз өнімдерімен елімізді қамтамасыз етеді. Жақсы кенші, металлург, тігінші, балташы т.б. болу үшін өнеркәсіп орындарында жұмыс істеу керек. Өнеркәсіптің мынандай салалары бар: қара және түсті металлургия, ауыл шаруашылығы, көмір өндіру т.б. Мен колледжді бітіргеннен кейін өнеркәсіп орындарында жұмыс істейтін боламын.

Бақылау сұрақтары: 1. «Өнеркәсіп» тақырыбына тірек сөздерді қолданып мәтін құрыңыз (өнеркәсіп орындары, өнім, шығарады, түсті металлдар, жер қойнауы, өндіру, өндіріс, ауыр өнеркәсіп, көмір өнеркәсібі, сала, жабдық орнату, еңбек етеді). 2. «Өнеркәсіп орындары» тіркесімен 5 сөйлем құраңыз.

39-сабақ.

6.6. Кәсіп.

1. Сөздер мен сөз орамдарын қазақ тіліне аударып, олармен сұхбат құрыңыз.

Сіздің мамандығыңыз қандай? Кім болып жұмыс істейсіз? Қайда жұмыс істейсіз? Мамандық, маман, менің ағам жұмыс істейді.

- Сәлеметсіз бе?

- Сәлеметсіз бе? Жоғары шығыңыз.

- Қандай жағдаймен келдіңіз?

- Мен Сіздерге жолдамамен келдім, осында менің ағам жұмыс істейді.
- Мамандығыңыз кім?
- Мамандығым – геолог.
- Қай оқу орнын бітірдіңіз?
- Геологиялық барлау колледжін 2008 жылы бітіріп, геолог мамандығын алдым.
- Қайда және кім болып жұмыс істедіңіз?
- Тасқара кен орнында геолог маманының көмекшісі болып істедім.
- Жақсы. Кадр бөліміне барыңыз.
- Сау болыңыз.

2. Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер.

1. Еңбексіз өмір – сөнген көмір.
2. Ердің атын еңбек шығарар.
3. Еңбек етпесең елге өкпелеме,
Егін екпесең жерге өкпелеме.
4. Жан қиналмай жұмыс бітпес,
Талап қылмай, мұратқа жетпес.

Бақылау сұрақтары: 1. Сөздер мен сөз орамдарын қазақ тіліне аударып, олармен сұхбат құрыңыз: Какая у Вас профессия? Кем Вы работаете? Где Вы работаете? специальность, специалист, мой брат работает. 2. Еңбекке байланысты 3 мақал-мәтел жазыңыз.

40-сабақ.

6.7.1. «Менің сүйікті мамандығым» .

Өмірде кәсіптің түрлері өте көп. Мамандықты таңдауға өте жауапкершілікпен қарау керек. Дұрыс таңдалған мамандық сіздің болашағыңызға әсер етеді. Мамандық алу үшін еңбек сүйгіштік және алдына қойған мақсат болу керек. Мамандық таңдау туралы 12-13 жастан бастап ойлау керек. Әркім өзіне ұнайтын мамандықты таңдауы қажет. Сонымен қатар жақсы маман болу үшін көп оқу керек.

Менің сүйікті мамандығым геолог (гидрогеолог). Геология саласының мамандары жер қойнауын барлайды. Мен болашақ мамандығыма қажетті білімді геологиялық барлау колледжінде алып жатырмын. Колледж әр түрлі мамандық иелерін дайындап шығарады: геологтар, гидрогеологтар, экологтар, геофизиктер, бұрғылаушылар және т.б. Біз алғашқы тәжірибені үшінші курстан кейін аламыз. Бұл таңдаған мамандығым маған өте ұнайды.

2. «Менің мамандығым» тақырыбына сұхбат.

- Сәлем!
- Сәлеметсің бе?
- Қайда оқып жүрсің?
- Геологиялық барлау колледжінің екінші курсыңда оқимын.
- Мамандығың қандай?
- Менің мамандығым «гидрогеология және инженерлік геология», былайша айтқанда болашақ гидрогеологпын.
- Сонда сендер не істейсіңдер?
- Біз жер асты суларын зерттейміз.
- Мамандығың маңызды екен, себебі су- тіршілік көзі ғой.
- Иә, сусыз өмір жоқ.

Бақылау сұрақтары: 1. «Менің сүйікті мамандығым» тақырыбы бойынша тірек сөздермен мәтін жазыңыз (мамандық түрлері, жетекші сала, өнеркәсіп орындары, сүйікті мамандығың, геология саласының мамандары, жер қойнауы, жақсы маман болу үшін, тәжірибе, ерік-жігер, көп еңбек ету). 2. «Менің мамандығым» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

41-сабақ.

6.8. Тұрмыстық қызмет көрсету. Шаштаразда.

1. «Рахат» тұрмыс үйі тақырыбына мәтін.

«Рахат» - тұрмыстық қызмет көрсететін үй. Ол 1976 жылы ашылған. Мұнда халыққа қызмет көрсетудің түрлері көп. «Рахат» - астанадағы үш қабатты көрікті үй.

Бірінші қабатта сағат, тұрмыстық машиналар жөндеу және зергерлік бұйымдар жасау, суретке түсіру жұмыстарын орындайтын шеберханалар орналасқан.

Екінші қабатта радио, теледидар аппараттарын жөндейтін шеберханалар жұмыс істейді.

Үшінші қабатта аяқ киім тігу және жөндеу шеберханалары орналасқан.

Ең астыңғы қабатта кір жуатын, химиялық тазарту мен бояу жұмыстарын орындайтын пункттер және шаштараздар бар.

«Рахат» тұрмыс үйінде үйлену тойларын, мүшел тойларды және елеулі тойларды өткізетін арнаулы үлкен банкет залы бар.

«Рахат» тұрмыс үйінде өз ісінің шеберлері өте көп. Әсіресе, шаштараз шеберлерін бүкіл қала халқы біледі. Мұнда шашты химиялық жолмен бұйралау, бояу және шашты сәнді етіп қию, ерлердің сақалын, мұртын алу жұмыстарын шебер орындайды.

Аяқ киім жөндейтін шеберханада аяқ киіміздің өкшесін қағып, нәлін ауыстырып береді.

Сағатыңыз тоқтап немесе бұзылып қалса, сағат шеберханасында шапшаң жөндеп береді.

Ал киіміңізді тазарту шеберханасына апарыңыз.

«Рахат» тұрмыс үйі – қала халқына тез және сапалы қызмет көрсететін орталық.

2. «Шаштаразда» тақырыбына сұхбат.

- Сәлеметсіз бе! Мен шашымды химиялық жолмен бұйралатқым келеді.

- Шашыңызды боятасыз ба?

- Ия, қоңыр түске боятқым келеді.

- Өзіңізбен бірге бояуыңыз бар ма?

- Ия, содан соң шашымды фенмен жатқызып, лақ жағыңыз.

- Меніңше, шашыңызға лак жағудың қажеті жоқ. Маникюр, педикюр жасатасыз ба

- Жоқ, рахмет.

- Оқасы жоқ, барлығын есептегенде 1500 тенге төлейсіз.

Бақылау сұрақтары: 1. Тірек сөздерді пайдаланып «Рахат тұрмыс үйі» тақырыбына әңгіме құрыңыз (тұрмыстық қызмет көрсету, қызмет көрсетудің түрлері, көрікті, үш қабатты, бірінші қабатта, тұрмыстық машиналар, жөндеу, зергерлік бұйымдар, суретке түсіру, шеберханалар, екінші қабатта, орналасқан, үшінші қабатта, ең астыңғы қабатта, химиялық тазарту мен бояу). 2. «Шаштаразда» тақырыбына сұхбат құрыңыз (шаштараз, бұйралатқым келеді, химиялық жолмен, сәнді етіп қию, өзіңізбен бірге, шашты бояу, шашты жатқызып тарау, бояу, тәжірибелі шебер, шашты сәндеу).

42-сабақ.

6.9.1. «Байланыс мекемелері» .

Күн сайын біз адамдармен әр түрлі жолмен байланыс жасаймыз. Олар: хат, телефон, факс, электронды пошта, интернет және т, б

Бұрын адамдар хат-хабарларды түйе немесе ат арбамен 20 000 шақырымға дейін жол жүріп әрең жеткізетін. Кейіннен Қазақстанның қалаларында, облыстарында, аудандарында, ауылдарында пошта бөлімшелері ашылды.

Алматы (бұрынғы Верный) қаласында пошта бөлімшесі 1860 жылы ашылған. Орталық пошта Республикамыздағы ең ірі байланыс бөлімі болатын. Бұл жерден адамдар жедел хат, сәлемдеме, ақша аударуға, телефонмен сөйлесуге әлі де мүмкіндіктері бар. Орталық поштада халықаралық, қалааралық сөйлесу жүйесі де бар. Бұл күндері ұялы телефон, факс, электронды пошта, иитсрнет пайда болды.

Интернеттің көмегімен санаулы уақыттың ішінде электронды пошта арқылы кез келген елдермен байланыса аласыз және бұл телефонмен сөйлесуден арзанға түседі.

Өміріміз күн санап дамып, өзгеруде, сонымен бірге қарым-қатынастың түрі де көбеюде. Сөйлесу әрі қарапайым, әрі жеңіл, әрі тез болатын болды.

2. Телефон арқылы сөйлесу тақырыбына сұхбат.

Әлішер қалааралық станцияға келіп:

- Сәлеметсіз бе? Маған шұғыл түрде сөйлесу керек еді.
- Күте тұрыңыз. Желі бос емес.
- Телефоныңыздың нөмірі қандай?
- Жазып алыңыз: 54-26-43
- Бірінші кабинаға барыңыз.
- Бізді үзіп жіберді. Нөмірді қайта теріңізші.
- Сөйлесіңіз, абонент тыңдап тұр.
- Сізге көп рахмет! Алло, Сәлеметсіз бе!
- Алло, алло!..
- Алло! Мені естіп тұрсыз ба?
- Қатты сөйлеңізші! Нашар естіліп тұр!
- Маған Ләззат керек еді.
- Ештеме естілмей тұр. .
- Алло! Енді қалай естіліп тұр?
- Енді жақсы естіліп тұр. Бұл кім екен? Сізге кім керек?
- Маған Ләззат керек еді.
- Мен тыңдап тұрмын.
- Ләззат, Әлішер ғой.
- Әлішер?! Сен қайдан телефон соғып тұрсың?
- Қалааралық станциядан. Мен саған сәлемдеме жібердім. Ертең күтіп ал.
- Рахмет. Күтіп аламын.
- Алло, алло!.. Бізді үзіп жіберді.

Бақылау сұрақтары: 1. «Байланыс мекемелері» тақырыбына тіркес сөздерді пайдаланып мәтін құрыңыз (пошта, хат жіберу, телефонмен сөйлесу, тапсырысты қабылдаңыз, ақша аудару, дұрыс толтыру, байланыс бөлімшесі, уақытыңыз бітті, жауап бермейді, қанша тұрады, халықаралық). 2. «Телефон арқылы сөйлесу» тақырыбына сұхбат құрыңыз (қалааралық станция, шұғыл түрде сөйлесу, желі бос емес, желі бұзылыпты, нөміріңіз жауап бермейді, бізді үзіп жіберді, дұрыс байланыстырмады, нашар естіліп тұр, қайтадан шақырыңызшы, телефон соғуға бола ма?).

43-сабақ.

6.10. Дүкенде.

1. «Әмбебап дүкені» тақырыбына мәтін.

Біздің қаламызда дүкендер, әмбебап дүкендері, сауда үйлері өте көп. Үйіміздің қасында үлкен сауда орталығы бар. Сіздің өзіңізге бір зат алғыңыз келсе, сауда орталығына барасыз, өйткені мұнда балалардың ойыншықтарынан бастап, ине-жіпке дейін сатады. Бұл өте қолайлы, өйткені үйге қажетті заттарды бір-ақ жерден алуға болады.

Сауда орталығымыз үлкен, үш қабатты, іші кең, тамаша. Бірінші қабаттан жоғары қабаттарға эскалатормен көтерілуге болады.

Бірінші қабатта кафе, оптика, дәріхана, азық-түлік, кондитер өнімдері бар. Гүл де, газет-журнал да бірінші қабатта.

Екінші қабатта спорт, электр, теледидар, радио, киносурет, галантерея, парфюмерия, сыйлықтар, маталар, зергерлік және бұйымдар бөлімдері бар.

Киім алғыңыз келсе, үшінші қабатқа барыңыз. Үшінші қабатта киім бөлімі, іш киім бөлімі, сырт киім бөлімі, аяқ киім бөлімі, бас киім бөлімі, балалар бөлімі орналасқан.

2. «Дүкенде» тақырыбына сұхбат.

Дима: Сәлеметсізбе!

Сатушы: Сәлеметсізбе!

Дима: Маған сүт, ірімшік, айран беріңізші. Сүт бүгінгі ма?

Сатушы: Иә, сүт бүгінгі.

Дима: Маған тағы бір килограмм қант пен шұжық беріңізші.

Сатушы: Шұжықтың қай түрін қалайсыз?

Дима: Жартылай қақталған шұжықтың біреуін өлшеніңізші.

Сатушы: Тағы не аласыз?

Дима: Маған ет беріңізші.

Сатушы: Сізге сиыр еті, қой еті, жылқы еті ма?

Дима: Маған сиыр етінен беріңіз.

Сатушы: Мінекейіңіз. Барлығы: 2500 теңге.

Дима: Рақмет. Сау болыңыз!

Сатушы: Сау бол. Тағы келіп тұрыңыз!

Бақылау сұрақтары: 1. Тірек сөздерді пайдаланып «Әмбебап дүкені» деген тақырыпта мәтін құрыңыз (орталық әмбебап дүкені, орналасқан, қаланың орталығында, үш қабатты, сатылады, балалардың ойыншығынан бастап, ине-жіпке дейін, бірінші қабатта, үй ішіне қажетті, ерлерге арналған, әйелдерге арналған, галантерея, парфюмерия, мата). 2. «Дүкенде» тақырыбына сұхбат құрыңыз (азық-түлік дүкені, бөлімдер, ет бөлімі, сүт бөлімі, нан бөлімі, сиыр еті, қой еті, жылқы еті, айран, қаймақ, қатық, сүт, ірімшік, кезек, етке кезекте адамдар көп, сатып алу).

44-сабақ.

6.11. Бақылау жұмысы №4

1. «Емханада» мәтін құру.
2. Еңбек туралы мақал-мәтелдер.
3. «Менің сүйікті мамандығым» шығарма.
4. «Телефонмен сөйлесу» диалог құру.

VII тарау.

45-сабақ.

7.1.1. «Пайдалы қазбалар».

Металл мен олардың қоспаларынан алынатын тау жыныстары кен деп аталады. Оған мысалы темір, мыс, қорғасын, алтын, күміс, алюминий, никель және басқа көптеген металлдардың кендерін алуға болады. Кенде металл бос тау жыныстарымен бірге араласып жүреді. Металл алу үшін ең алдымен кенді бос тау жыныстарынан бөліп алады. Ол кенді байыту деп аталады. Байытылған кен металлургия зауытының пешінде қорытылады.

Металлдар кара және түсті болып бөлінеді. Түсті металлдарға мыс, қорғасын, мырыш, алюминий және басқалар жатады. Олар бір-бірінен оңай ажыратуға болады.

2. Химиялық элементтерді қазақ тілінде жазыңыз.

Cu - купрум, Al-алюминий, Pt-платина, Cr-хром, H O- су, Fe - темір, S- , Zn - цинк, Ni – никель.

Бақылау сұрақтары: 1. «Пайдалы қазбалар» тақырыбы бойынша тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрыңыз (металл, тау жыныстары, темір, алтын, күміс, никель, ең алдымен, бөліп алады, кенді байыту, қорытылады). 2. Химиялық элементтерді қазақ тілінде жазыңыз: Cu, Al, Pt, Cr, H₂O, Fe, S, Zn, Ni.

46-сабақ.

7.2.1. «Қазақстанның кен байлығы».

Қазақстанның жері кенге бай. Ертеде алтын,мыс, қалайы, тұз және әртүрлі асыл тастар колмен қазып алынатын.

Қазақстан қазір көптеген: мыс, қорғасын, цинк, алтын, күміс, никель, хромит, көмір, мұнай, болат, фосфор, тыңайтқыштар және түрлі тұздар береді.

Орталық Қазақстанда көмір, мыс, қорғасын, цинк, алтын, темір, марганец және сирек кездесетін метал шығады. Еліміздің үшінші көмір ошағы - Қарағанды, оның көмір қоры 50 млрд., тонна деп есептеледі.

Алтай қорғасын мен цинкке бай (Зырьяновск, Өскемен). Батыс Қазақстанда мұнай, жанармай, түрлі ас тұздары шығады. Ақтөбе обласынан никель, хром шығады. Қостанай обласынан темір рудасынан аса ірі кен орны табылады.

2. Қазақстан байлығы туралы досыңызбен сұхбат құрыңыз.

- Дарья, сен қай жерде тудың, қайда өстің?
- Мен Солтүстік Қазақстаннанмын. Петропавл қаласында туып өстім. Алматыға оқу үшін келдім. Сен ше?
- Мен Омбыданмын. Қазақстанға қазақ тілін үйренейін деп келдім. Қазақстан туралы көп оқыдым, бірақ өз көзіммен көргім келді.
- Дұрыс, Виталий. Қазақстанның қай жерінде болдың?
- Қазақстанның барлық жерлерін араладым. Солтүстігі өте салқын, ал оңтүстігі өте ыстық екен.
- Иә, Республикамыздың үлкендігі соншалық — оңтүстігінде жемістер гүлдеп, жер бетін астық жапқанда, солтүстігінде әлі қар жатады.
- Қазақстанның жері де үлкен, пайдалы кендерге де өте бай екен. Мысалы: Қарағанды – көмір, Ақтөбе облысынан – никель, хром, Қостанай обласынан темір рудасы, Батыс Қазақстанда мұнай, жанармай, түрлі ас тұздарын шығарады.
- Республикамыздың табиғат байлығы мол. Қазіргі Қазақстан дамыған елге айналды.

Бақылау сұрақтары: 1. «Қазақстанның кен байлығы» тақырыбына тірек сөздерді пайдаланып мәтін құрыңыз (бай, Қазақстанның жері, қалайы, асыл тастар, кен орындарын ашты, қорғасын, мыс, мұнай, фосфор тыңайтқыштары, көмір ошағы, ас тұздары шығады, табылды, аса ірі). 2. Қазақстанның байлығы туралы досыңызбен сұхбат құрыңыз.

VIII тарау.

47-сабақ.

8.1. Оқу орындары. Оқу жүйесі.

1. «Қазақстанның оқу жүйесі» мәтін.

Балалар мектепке барғанша 6 немесе 7 жасқа дейін балалар бақшасына барады. Білім беру біздің елде жеті жастан басталады, сонда бала бастауыш мектепке барады. Орта білім 5-ші сыныптан басталады, онда балалар әдебиет, тарих, жаратылыс тану ғылымдары сияқты көтеген жаңа пәндер өтеді. Емтихан 9-шы және 11-ші сыныптарда өткізіледі. Кейбір оқушылар 9-шы сыныптан кейін мектепті тастап, кәсіптік-техникалық училищелерде оқуын жалғастыра алады. Қазақстанда негізгі типтік мектептен басқа да орта типтік мектептер бар. Сондай-ақ бір пәнді мысалы, шет тілін, әдебиетті, физиканы т.б. пәндерді әрі тереңдетіп, әрі жедел оқытатын арнаулы орта мектептер де жоқ емес. Сонымен бірге мамандандырылған музыкалық, балет, көркем сурет және спорттық мектептер бар. Орта білім алу біздің елімізде тегін. Жаңа типті орта мектептердің арасында гимназия, колледж және лицейлер де бар. Олардың көбісі ақылы оқу жүйесіне көшкен. Жоғары оқу орындарының арасында, елімізде институт, жоғары білім беру мектептері, университет және академиялар жұмыс істейді. Қазақстанның жоғары оқу жүйесі 1992 (бір мың тоғыз жүз тоқсан екінші) жылдан батыс елінің үлгісімен төрт жыл оқытып - бакалавр, және қосымша екі жыл оқытып - магистр дәрежесіндегі жоғары білім дипломын алады. Жоғары оқу орнына түсу үшін міндетті түрде сол оқуға түсу алдындағы сынақтан өтуі керек. Тегін жоғары білімді республикалық тестен өткен талапкер ғана ала алады. Басқа жағдайларда оқу негізі ақылы.

2. «Менің оқу орным» тақырыбына сұхбат.

- Сен қайда оқисың?
- Мен Геологиялық барлау колледжінің бірінші курсына оқимын.
- Қай мамандыққа оқисың?
- Мамандығым – бұрғылаушы.
- Колледждің қандай жетістіктері бар?
- Колледж республика бойынша техникалық колледждердің ішінде бірінші орынға ие болды.
- О, ол өте жақсы жетістік қой.
- Иә, біздің колледжде барлық жағдай жасалып, жақсы жабдықталған.
- Сендерде үйірмелер жұмыс істей ме?
- Көптеген спорттық және т.б. үйірмелер жұмыс істейді.

Бақылау сұрақтары: 1. «Біздің колледж» тақырыбына тірек сөздермен мәтін құрыңыз (орналасқан, негізі қаланған, колледж тарихы, мамандық, әкімшілік, екі корпус, зертхана,

мұражай, кітапхана, жатақхана, үйірмелер, колледж түлектері). 2.«Менің оқу орным» тақырыбы бойынша сұхбат құрыңыз.

48-сабақ.

8.2. Жоғары оқу орындары.

1. «Біздің колледж» мәтін.

Мен Семей геологиялық- барлау колледжінде оқимын. Колледждің екі корпусы бар: бас корпус және зертханалық корпус бар. Көптеген дәрісханалар, зертханалар, асхана, кітапхана, спорт залы, акт залы және өз мұражайлары бар.

Колледж әр түрлі мамандық иелерін дайындап шығарады: мұнайшылар, геологтар, гидрогеологтар, экологтар, бағдарламашылар, геофизиктер, бұрғылаушылар және тағы да басқа.

Колледждің жанында жатақханасы бар. Жатақанада: оқу залы, асхана, мед.пункт, жуынатын бөлмелер бар.

Әр түрлі үйірмелер жұмыс істейді. Ойнау алаңы бар.

2. Сөз орамдарын қазақ тіліне аударып, олармен сұхбат құрыңыз.

- Какое у Вас (у него, у нее) образование?
- Сіздің (оның) біліміңіз (білімі) қандай?
- У меня высшее образование
- Менің жоғары білімім бар
- Я хочу поступить в ВКГТУ.
- Менің ШКМТУ -ға түскім келеді
- По каким предметам надо сдавать экзамен в ваш университет?
- Сіздің университетке түсу үшін қандай сабақтардан емтихан тапсыру керек.
- Какой конкурс при поступлении в вуз?
- Жоғары оқу орнына түсерде конкурс қандай болады?
- В каждой вузе свой. В одном больше, в одном меньше.
- Әр оқу орнында әр түрлі. Біреуінде көп, біреуінде аз дегендей.
- Срок обучения сколько лет?
- Оқу мерзімі қанша жыл?
- Срок обучения пять лет.
- Оқу мерзімі бес жыл.

Бақылау сұрақтары: 1. Тірек сөздерді қолданып «Қазақстанның оқу жүйесі» туралы мәтін құрыңыз (бастауыш мектеп, орта білім, емтихан, өткізіледі, басталады, оқуын жалғастыра алады, тереңдетіп, арнаулы, он бірінші сыныптан кейін, әйгілі, жоғары оқу орындары, жоғары білім дипломы). 2. Какое у Вас образование? У меня высшее образование, хочу поступить, срок обучения, Какой конкурс при поступлении в ВУЗ? Сөз орамдарын қазақ тіліне аударып, олармен сұхбат құрыңыз.

49-сабақ.

8.3.1. Кітапхана.

Біздің қалада Абай, Шәкәрім, орталық № 12, ғылыми - техникалық кітапханалар бар.

Кітапхананың іші көптеген бөлімдерден тұрады. Онда оқырмандар залы, абонент, кітап сақтау бөлімі, балалар залы және әрбір бөлімінде каталог жүйесі бар. Оқу залында үстелдер, орындықтар қойылған. Оқу залында кітап оқуға, жазуға өте ыңғайлы. Кітапхананың іші жарық, таза, көптеген ақын -жазушылардың нақыл сөздермен, портреттермен көркемделген.

Кітапханада кітап үшін оқырмандар билеті беріледі. Билетті басқаларға беруге тыйым салынды. Кітапты жоғалтуға болмайды.

Жақсы кітап оқу - ақылды адаммен сырласқанмен бірдей демекші, кітаппен сырласа білу керек.

2. Кітапханашымен сұхбат құрыңыз.

Жанат кітапханашыдан:

- Маған бір қызық кітап беріңізші? - деп сұрады.
- Кітапханашы оған мұқабасы тозған, түбі жыртылған бір қалың кітап әкеліп берді.
- Мынауыңыз ескі кітап қой? - деді Жанат.
- Кітапты сен оқу үшін сұрап тұрсың ба, әлде жинап қою үшін бе? - деді кітапханашы.
- Оқу үшін, - деді Жанат.
- Олай болса, осы кітапты ал. Өте қызық кітап, - деді кітапханашы. Жанат кітапті қызыға оқыды.
- Кітапханашыға қайта әкеліп өткізгенде:
- Қызық кітап екен. Сізге үлкен рахмет. Тозбасын деп мен бұл кітапты қайта түптеп әкелдім, - деді Жанат.

Бақылау сұрақтары: 1. «Кітапханада» тақырыбына тіркес сөздерді пайдаланып мәтін құрыңыз. (кітапхана қоры, кітапхана қызметкерлері, үзіліссіз жұмыс істейді, оқу залы, оқырман билеті, кітапханаға жазылу, көркем әдебиет, баспасөз материалдары, геологияға қатысты оқулықтар, студенттердің дүниетанымын кеңейтетін материалдар). 2. Кітапханашымен сұхбат құрыңыз.

ІХ тарау.

50-сабақ.

9.1. Спорт.

1. «Ұлттық спорт түрлері» .

Қазақ халқы - ұлттық ойындарға бай халықтардың бірі.

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшандықты, тапқырлықты, күш - куат молдығын, білек күшін, дененің құрыштай шынығуын қажет етеді. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген. Өйткені ойынға қатыспай тұрып-ақ, оған күн ілгері көп адамдардың тер төгіп, еңбек етуіне тура келеді. Қазақтың ұлттық ойындары тек ойын-сауықтық жағынан ғана маңызды емес, ол - спорт, ол - өнер, ол - шаруашылық, тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы. Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар, сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу, жамбы ату, т.б. Олардың спорттық сипатымен бірге үлкен тәрбиелік маңызы бар. Қазақтың ұлттық ойындарының кейбіреулері «ойлануды қажет ететін ойындарға» жатады. Мысалы, «тоғыз құмалақ». Қазақтың қай ойыны болса да айтыс, өлең - жырмен өріліп, көрермендер мен тыңдаушыларға өрелі өнеге беріп, қатты әсер етеді. Ұлттық ойындар ата - бабамыздан бізге жеткен. Олар өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз.

2. Сөз тіркестерін аударыңыз. «Спорт» тақырыбына сұхбат.

Сіз спортты ұнатасыз ба? - Вы любите спорт?

Иә, ұнатамын - Да, люблю

Спорттың қай түрімен шұғылданасыз? - Каким видом спорта вы занимаетесь?

Мен гимнастикамен (жеңіл атлетикамен, жүгірумен) шұғылданамын - Я занимаюсь гимнастикой, (легкой атлетикой, бегом).

Қалаңызда қанша стадион бар? - Сколько стадионов в вашем городе?

Алтын (күміс, қала) медалін кім жеңіп алды? - Кто завоевал золотую (серебряную, бронзовую) медаль?

Команданың жаттықтырушысы (капитаны) кім? - Кто тренер (капитан) команды?

Ол спорт шебері (еңбек сіңірген спорт шебері) - Он мастер спорта (заслуженный мастер спорта).

-Сен сағат нешеде тұрасың?

- Мен күн сайын таңертеңгі сағат жетіде тұрамын.

- Сен неге сонша ерте тұрасың?

- Мен гимнастика жасаймын, сондықтан ерте тұрамын

- Күн сайын гимнастикамен шұғылданасың ба?

- Иә, күн сайын таңертең гимнастикамен шұғылданамын.

- Колледжде апта сайын неше сағат дене шынықтыру сабағы өтеді?

- Колледжде апта сайын төрт сағат дене шынықтыру сабағы өтеді.

- Дене шынықтыру сабағы қай жерде өтеді?

- Қыста спорт залында, жазда спорт алаңында өтеді

- Спорт залдарың қандай?
- Біздің спорт зал кең және биік. Ол жақсы жабдықталған. Спорт залында: турник, қолмен өрмелеп шығатын баған бар.
- Сендер футбол, волейбол, баскетбол, теннис ойнайсыздар ма?
- Иә, біз спорт алаңында футбол, волейбол, баскетбол, теннис ойнаймыз.
- Қыста сендер шаңғы тебесіңдер ме?
- Иә, қыста біз шаңғы тебеміз. Біз колледжде спорттың барлық түрімен айналысамыз.

Бақылау сұрақтары: 1. Тірек сөздерді қолдана отырып, «Ұлттық спорт түрлері» тақырыбына мәтін құрыңыз (қазақ халқы, бай, қажет етеді, тапқырлықты, дененің құрыштай шынығуын, тәрбие құралы, жамбы ату, теңге алу, дене шынықтыру, адам ағзасын, ортақ дәрі, айналысқан адам). 2. Сөз тіркестерін аударыңыз. Оларды қатыстырып «Спорт» тақырыбына сұхбат құрыңыз (Вы любите спорт? Каким видом спорта вы занимаетесь? Сколько стадионов в вашем городе? Кто завоевал золотую медаль? Кто тренер команды? Мастер спорта).

51-сабақ.

9.2. Экскурсия, саяхат, туризм.

1. «Ұшақпен саяхат жасау» тақырыбына мәтін жазыңыз.

Дарья Смирнова Алматыға бірінші рет мектепте оқып жүрген де келіпті. Туристік агенттіктен жолдама алып, Алматыға сапар шегіпті. Бұл оның үлкен қалаға бірінші келуі екен. Алматыға баруды кішкентай кезінен армандап еді. Енді міне, арманы орындалыпты.

Дарья Петропавлдан Астанаға келіп, Алматыға бару, қайту билеттерін орталық әуежай кассасынан алдын ала алу керек болатын. Таксиге отырып, әуежайға келіпті. Анықтама бюросынан сұрапты: - Кешіріңіз, Алматыға қандай ұшақ ұшады? Қашан және қанша сағат ұшады? Ұшақ жолда қона ма? Алматыда қай уақытта боламыз?

Анықтама бюросының қызметкері барлық сұрақтарына жауап беріпті. Содан кейін Дарья кассаға барып билет сатып алыпты. Алматыға екі рейс бар екен:

Біреуі дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, жексенбі күндері кешкі сағат жетіге он минут қалғанда, ал екіншісі дүйсенбі күндері кешкі сағат тоғыз жарымда ұшады екен. Біріншісі Алматыда түнгі сағат он бірде, ал екіншісі түнгі сағат бірге жиырма минут қалғанда қонады екен. Дарья жексенбіге 4480-ші рейске бару билетін және екі аптадан кейінгі сол күнге 4479-шы рейске қайту билетін сатып алыпты.

Ұшатын күні әуежайға екі сағат бұрын келіп, жол жүгін өлшетіп, тіркеуден өтіпті. Біраз уақыттан кейін ұшаққа отырғызу басталыпты. Ұшақта өз орнына орналасыпты.

Стюардесса: «Белдіктеріңізді ілгектеңіздер, темекі тартуға болмайды, ұшақ 10 000 метр биіктікте, сағатына 1000 шақырым жылдамдықпен ұшады», — деп хабарлап жатты.

Бір сағаттан кейін ұшақ қонуға бет алды. Стюардесса Алматыдағы ауа райы туралы, жолаушылар заттарын жол жүгі бөлімінен алатынын хабарлапты.

Саяхат жетекшісі Дарьяны және басқа туристерді Алматы әуежайында қарсы алыпты. Сонан соң оларды автобуска мінгізіп, жиырма бес қабатты «Қазақстан» қонақ үйіне апарып орналастырыпты.

Қайтарда, екі аптадан кейін, Дарья ұшақпен сапар шегіпті, өйткені қайту билетін алдын ала Петропавлдан алып қойған.

2. Жолаушы және анықтама бюросының қызметкері арасында сөйлесу құраңыз.

- Кешіріңіз, Шымкентке дейін неше сағат ұшамыз?
- Шымкентке дейін бір сағат он минут ұшамыз.
- Ұшақ жолда қона ма?
- Жоқ, қонбайды.
- Шымкенттің ауа райы қандай екен?
- Ұшақ қонуға бет алғанда, стюардесса Шымкенттегі ауа райы туралы хабарлайды. Ауа райы жаман болмауға тиіс.
- Құлағым бітіп қалды.
- Біраздан кейін үйренесіз. Кэмпит сорыңыз.

- Жүрегім айнып тұр.
- Стюардессаны шақырыңыз. Ол Сізге минералды су, гигиеналық пакет береді. Мына кнопканы бассаңыз, келеді.
- Иә, шақырғаным жөн болар. Жол жүгімізді қай жерден аламыз?
- Жол жүгі бөлімінен аласыз. Сізді біреу қарсы ала ма?
- Балам қарсы алу керек.
- Сіз бірінші рет ұшып келесіз бе?
- Иә, бұрын пойызға отыратынмын.
- Міне, ұшақ қонуға бет алды.

Бақылау сұрақтары: 1. Сөз тіркестерін қатыстырып «Ұшақпен саяхат жасау» тақырыбына мәтін жазыңыз (әуежай, ұшақ, сапар шегу, бару, қайту билеттері, ұшу, қону, қол жүгін өлшету, тіркеуден өту, отырғызу басталды, белдік, ілгектеу, биіктік, жылдамдық, хабарлау, қонуға бет алды). 2. Жолаушы және анықтама бюросының қызметкері арасында сөйлесу құраңыз.

52-сабақ.

9.3. Есеп, сан, ұзындық, салмақ өлшемдері.

1. Цифрларды қазақша (жазбаша) жазыңыз, олармен сөйлем құраңыз.

4 – төрт; 9 – тоғыз; 27 – жиырма жеті; 43 – қырық үш; 58 – елу сегіз; 65 – алпыс бес; 70 – жетпіс; 120 – жүз жиырма; 1010 – бір мың он; 2006 – екі мың алты.

Бір жылда төрт мезгіл бар. Әкесі Құнанбай Абайды тоғыз жасында Семейдегі діни мектепке береді. Топта жиырма жеті студент бар. Сөреде қырық үш кітап тұр. Сағат он екіден елу сегіз минут кетті. Менің ағам бір мың тоғыз жүз алпыс бесінші жылы дүниеге келген. Асан ата жетпіс жылдық мерейтойын атап өтті. Кітапта жүз жиырма парақ бар. Газеттің бір мың он дана тиражына тапсырыс берілді. Екі мың алтыншы жылы мен Геологиялық барлау колледжіне түстім.

2. «Киелі сандар» мәтін.

Қазақ халқында жеті, тоғыз, он екі, қырық сандары киелі (қасиетті) болып саналады. Жеті сонымен мынандай тіркестер бар: жеті қазына (семь сокровищник), жеті күн (апта), жеті қашық, жеті жұт т.б. XVI ғасырда Тәуке хан «Жеті жарғы» атты жарық шығарды. Біреу қайтыс болғанда жетісін береді, жеті шелпек пысырады. Жеті саны мақалдарда бар: «Жетіге келгенше жерден таяқ жерсін», «Жеті рет өлшеп, бір рет кес».

Тоғыз санымен мынандай тіркестерді айтуға болады: «Тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «тоғыз жолдың торабы».

Қазақтарда он екі сандары да киелі болып саналады. Мысалы: «Он екі мүшең сау болсын», «он екі баулы өзбек».

Тағы да киелі сандардың бірі қырық саны: «Қырқынан шығару», «Қырқын беру».

Бақылау сұрақтары: 1. Цифрларды қазақша (жазбаша) жазыңыз, олармен сөйлем құраңыз (4, 9, 27, 43, 58, 65, 70, 120, 1010, 2006). 2. Қазақ халқы қандай сандарды киелі сандар деп есептейді?

53-сабақ.

9.4. Түр-түс.

1. Сөз тіркестерімен сөйлем құрап, оларды орыс тіліне аударыңыз.

Жерді және ағаштарды ақ қар жамылған (Земля и деревья покрыты белым снегом). Көгілдір аспан бейбітшіліктің нышаны (Голубое небо символ мира). Бақта сары гүл өсіп тұр (В саду растет желтый цветок). Мен анама қоңыр етік сатып алдым (Я купила маме коричневые сапоги). Ауылдағы нағашы әжемнің ала сиыры бар (У бабушки в деревне есть пестрая корова). Орманда сұр қасқырлар мекендейді (В лесу живут серые волки). Мен қара шалбарымның балағын қысқарттым (Я свои черные брюки укоратила). Бәйгеде күрең ат бірінші келді (В бейге первое место занял рыжий конь). Бала бақшаға менің сіңілім қызыл көйлегін киді (В детский сад моя сестренка одела красное платье). Анам ініме дүкеннен қызғылт жейде сатып әперді (Мама братишке купила в магазине розовую рубашку).

2. ҚР-ның туын сипаттаңыз.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы — тік бұрышты (ені - 1 метр, ұзындығы — 2 метр) көгілдір мата. Көгілдір түс — бейбітшіліктің, тыныштықтың, жарқын болашақтың және ашық аспанның нышаны. Тудың ортасында жарқырап шыққан шұғылалы күн орналасқан. Бұл — бейбітшіліктің белгісі. Күннің астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнеленген. Дала құсы — дарқандық пен қырағылық және биікке самғау белгісі. Тудың сол жағында қазақ халқының ұлттық өрнегі бейнеленген. Өрнек қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін және ұлттық өнерін білдіреді.

Күн, қыран құс және өрнек алтын түспен берілген. Алтын түс — молшылықтың, байлықтың, құт-берекенің белгісі.

Тудың авторы, суретшісі — Шәкен Ниязбеков.

Бақылау сұрақтары: 1. Сөз тіркестерімен сөйлем құрап, оларды орыс тіліне аударыңыз (ақ қар, көгілдір аспан, сары гүл, қоңыр етік, ала сиыр, сұр қасқыр, қара шалбар, күрең ат, қызыл көйлек, қызғылт жейде). 2. ҚР-ның туын сипаттаңыз.

54-сабақ.

9.5.Қасиет, сапа.

1. Берілген сөздермен сөйлем құрыңыз.

«Қыз сыны» сайысына әдемі, ұзын бойлы, сұлу қыздар қатысады. Мен базардан жұмсақ жастық сатып алдым. Асанның інісі ұзын бойлы арықша келген жігіт. «Эмиль», «Восток» сүт өнімдері өте сапалы және дәмді. Қатты аяздарда сабақ болмайды. Гүлнәрдің шашы қысқа. Табиғи өнімдер адам денсаулығына пайдалы. Жанат тамақты дәмсіз дайындайды. Жайпақ өкшелі аяқ-киімдер ыңғайлы. Өткір пышақпен нан турадым. Әсемнің бойы аласа.

2. Өз досыңыздың жақсы, жаман қасиеттерін сипаттаңыз.

Менің досымның жақсы да, жаман да қасиеттері бар. Ол байсалды, мейірімді, әдепті, мәдениетті, білімді, беделді студент. Бірақ ол кекшіл. Ол өтірікші, қызғаншақ емес.

Бақылау сұрақтары: 1. Берілген сөздермен сөйлем құрыңыз (ұзын бойлы, әдемі, жұмсақ, арық, сапалы, қатты, қысқа, табиғи, дәмсіз, жайпақ, өткір, аласа). 2. Өз досыңыздың жақсы, жаман қасиеттерін сипаттаңыз.

55-сабақ.

9.6. Бақылау жұмысы №5

1. «Қазақстанның кен байлығы» тақырыбына мәтін құрыңыз.
2. «Кітапхана» тақырыбына сұхбат құрыңыз.
3. Қызыл, көк, сары, алтын түсті, күрең, табиғи, жасанды, ақылды, ұқыпты сөздермен құрыңыз.

2 Курс

1-сабақ.

1.1.1. «Қазақ тілін үйренейік» .

Қазақ халқының тілі - әрі бай, әрі көркем. Қос тіл - қос канатың.

Қазақстан оқу орындарында оқитын студенттер жақсы инженер, жақсы геолог, жақсы биолог болуға ұмтылу жолында туған жері Қазақстанды жетік білулері керек.

Қазақстанның экономикасын, даму тарихын, мәдениетінің тарихын білу орыс жігіттері мен қыздары үшін де парыз. Парыз ғана емес, әбден қажетті нәрсе.

Сонымен, көп ұлттылық, көп тілде сөйлеу тарихи факт болып отырған біздің елімізде орыс студенттері өздері қатынас жасайтын ұлттың тілін, оның тарихын оның мәдениетін білулері керек.

Тағы бір айтарым мынау: егер сендер орыс тілі мен орыс мәдениетпен баска ештеңе білмейтін болсаңдар, әрине, жақсы емес. Егер сендер өздерің жүрген ортада, өздерің тұратын қалада, өз республикада, мысалы, біздің Қазақстанда жасалған мәдени байланыстарға қызықпайтын болсаңдар, ол - кешірілмейтін кінә.

Сондықтан мәдениет үстіне, мәдениет, білім үстіне білім жалғай түскілерің келсе, ең

бастысы достығымызды әрі тереңдете бергілерің келсе, сендер қазақ тілін білуге, Қазақстан тарихын білуге тиістісіңдер. Қазір нақ осыған ұмтылатын шақтарың.

2. «Қазақшаңыз қалай?» тақырыбына сұхбат.

- Асқар, сен қай жерде тудың, қайда өстің?

- Мен Солтүстік Қазақстаннанмын. Петропавл қаласында туып өстім. Алматыға оқу үшін келдім.

Сен ше?

- Мен Омбыданмын. Қазақстанға қазақ тілін үйренейін деп келдім. Қазақстан туралы көп оқыдым, бірақ өз көзіммен көргім келді.

- Дұрыс, Николай.

- Қазақ тілін үйреніп жүрмін, өйткені қазақ тілі мемлекеттік тіл, ол менің келешек жұмысыма керек.

- Қазақ тілін үйрену қиын емес пе?

- Алғашында қиын болды, қазір біраз үйрендім. Бізде қазақ тілі сабағы қызық өтеді.

- Қазақ тілін үйренуде саған сәттілік тілеймін.

Бақылау сұрақтары: 1. «Қазақ тілін үйренейік» тақырыбына тірек сөздерді пайдаланып мәтін жазыңыз. (қос қанатың, жақсы геолог, білулері керек, даму тарихын, парыз, көп ұлтты, мәдениет, қызықпайтын болсаң, кешірілмейтін кінә, тереңдете беру, тиістісіңдер). 2. «Қазақшаң қалай?» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

2-сабақ.

1.2.1. «ҚР-ның тіл туралы заңы» .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Тіл туралы заң 1997 жылы 11 шілдеде қайтадан қарастырылып, қабылданды. Тіл туралы заңда 6 тарау, 27 бап бар. Әр тарауда тіл туралы заң бойынша ҚР-ның әрбір азаматының құқығы белгіленген. Тіл туралы заңның негізгі мақсаты мемлекеттік тілді барынша дамыту және меңгеру.

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саясында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сапа ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

2. Берілген сөздермен сұхбат құрыңыз.

- Қазақ тілі мемлекеттік мәртебені қашан алды?

- 1989 жылы мемлекеттік мәртебе алды.

- Қазақ тілін дамытуда қандай іс-шаралар қолданылды?

- ҚР 1997 жылы 11 шілдеде Тіл туралы заң қабылданды.

- Тіл туралы заңда неше тарау, бап бар?

- Тіл туралы заңда 6 тарау, 27 бап бар.

- Әр тарауда не туралы айтылған?

- Әр тарауда ҚР-ның азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру, барынша дамыту және тілдердің қолданылу аясы туралы айтылады.

- Қазақ тілі мемлекеттік тіл екендігі қай тарауда, нешінші бапта айтылған?

- Қазақ тілі мемлекеттік тіл екендігі 1 тарау, 4 бапта айтылған.

Бақылау сұрақтары: 1. Заң, бап, тарау, дамыту, меңгеру, парыз, тіл туралы заң, қабылданды, әр тарауда, туралы сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып «Тіл туралы заң» тақырыбына мәтін құрыңыз. 2. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстырып сұхбат құрыңыз.

3-сабақ.

1.3. Тіл туралы мақал-мәтелдер және өлеңдер.

1. «Ана тілі» тақырыбына әңгіме құрыңыз.

Дүние жүзінде 6000-ға тарта тіл бар, бірақ әр халықтың өз ана тілі болады. Ана тілі - бұл әкеңнің, анаңның тілі. Орыс халқының ана тілі - орыс тілі, қытай халқының ана тілі - қытай тілі, неміс халқының ана тілі - неміс тілі. Қазақ халқының ана тілі - қазақ тілі. Ана тілін адамдар кішкентай кезінен әке-шешесінен, әжесі мен атасынан үйренеді. Ер жеткенде халықтан, мектептен, газет пен журналдан, радио мен теледидардан, кинотеатрлар мен театрлардан үйренеді.

Қазақ тілі - бай тіл. Ол - қазақ халқының жазуы, кітабы, мектебі жоқта ұстазы болған тіл. Қазақ халқы ана тілінде дүние жүзіне әйгілі Алпамыс», «Қобыланды», «Ертарғын» сияқты батырлар жырын, «Қыз-Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» сияқты ғашықтық жырларын шығарған. Қазақ халқы - ертегілерге, мақал-мәтелдерге өте бай халық. Бұл тілді үйренсең, осыларды өзің де оқисың. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Қазақстанда тұратын ұлты басқа халықтар да қазақ тілін үйренуге көңіл қояды. Олар қазақ тілін үйірмелерде, қоғамдарда, мектептер мен институттарда оқып біледі. Қазақстанда қазақ тілімен қатар орыс тіліне де ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені елімізде тұратын басқа ұлттың адамдарымен бұл күндері орыс тілі арқылы түсінісуге болады. Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері тұрады. Олар Қазақстанды өз елі санайды. Бірақ өз ана тілдерін ұмытпауға тырысып үйренуде.

2. Тіл туралы мақал-мәтел айтыңыз.

Тіл тас жарады, Тас жармаса бас жарады.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

Жақсы сөз - жарым ырыс.

Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.

Ана тілін үйрену - бұл әрбір азаматтың парызы.

Ана тілін ұмытқан адам, өз халқының өткеннен де,
болашағынан қол үзеді.

Әркімнің туған тілі - туған шеше,
оған бала міндетті сан мың есе.

Өнер алды - қызыл тіл.

Бақылау сұрақтары: 1. Тіркес сөздерді қатыстырып «Ана тілі» тақырыбына әңгіме құрыңыз (ана тілі, әр халықтың, кішкентай кезінен, ер жеткенде, үйренеді, қазақ халқының жазуы, дүние жүзіне әйгілі, батырлар жыры, ғашықтар жыры, ертегілер, мақал – мәтелдер, мемлекеттік мәртебе). 2. Тіл туралы 5 мақал-мәтел айтыңыз.

4-сабақ.

2.1.1. «Менің колледжім» .

Мен Семей геологиялық барлау колледжінде оқимын. Біздің колледж 1931 жылы құрылды. Колледж әр түрлі мамандық иелерін дайындап шығарады: геологтар, гидрогеологтар, экологтар, бағдарламашылар, бұрғылаушы.

Біздің колледждің екі корпусы бар: бас корпус және зертханалық корпус. Ол кең және таза. Көптеген дәрісханалар, зертханалар, асхана, кітапханасы, спорт залы және өз мұражайлары бар.

Бас корпустың бірінші қабатта асхана, акт залы, кітапхана, оқу залы және спорт залы бар. Кітапхананың оқу залы өте ыңғайлы. Біз онда кітаптар оқимыз және сабаққа дайындаламыз. Екінші қабатта мұғалімдердің кабинеттері және колледжінің өз мұражайы бар. Үшінші және төртінші қабатта оқу дәрісханалар бар.

Екінші корпустың геологтар, гидрогеологтар, экологтар және бұрғылаушылар оқиды. Көптеген зертханалар бар. Онда өз минералдың мұражайы бар.

Колледждің жанында жатақханасы бар. Жатақханада асхана, оқу залы, медпункт, диско-бар, спорт залы, тренажер залы бар.

2. Білім туралы мақал-мәтелдер .

Оқу - білім бұлағы, білім - өмір шырағы.

Оқу білім азығы, білім ырыс - қазығы.

Білім ер азығы, ер - ел азығы.

Ақыл тозбайтын тон, білім-таусылмайтын кен.

Ойна да күл, оқы да біл.

Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді.

Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.

Білім - қымбат, білу - қиын.

Бақылау сұрақтары: 1. «Менің колледжим» тақырыбына әңгіме құру. 2. Білім туралы бес мақал-мәтел жазыңыз.

5-сабақ.

2.2.1. «Жоғары оқу орындары» .

Біздің елімізде жоғары оқу орындары өте көп. Жоғары оқу орындарына он бірінші сыныптан кейін оқуға түседі. Жоғары оқу орындардың екі түрі болады. Олар институт пен университет. Семей қаласы студенттер қаласы болып саналады. Ең үлкен және бүкіл Қазақстанға әйгілі жоғары оқу орындары - «Медицина университет», «Семей университеті», «Шәкәрім атындағы университет», «Технологиялық институт», және тағы басқа оқу орындары біздің қаламызда өте көп.

Жоғары оқу орынды бітіргеннен кейін, жас түлек жоғары білім дипломын алады. Жақсы қызметке түсу үшін жоғары білім қажет. Онсыз жұмыз табу өте қиын. Әр адамның жоғары білім алуға мүмкіндігі бар. Жоғары білімі бар адамдар өте саналады.

2. Сөздерді қатыстырып сөйлем құрыңыз.

Мен 11 сыныпты «жақсы» деген бағамен бітірдім. Емтиханды жақсы тапсырып, жоғарғы оқу орны Семей педагогикалық институтына, күндізгі бөліміне түстім.

Бақылау сұрақтары: 1. «Жоғарғы оқу орындары» тақырыбына тіркес сөздерді қатыстырып мәтін құрыңыз (біздің елімізде, көп, институт, университет, студенттер қаласы, әйгілі, бітіргеннен кейін, жас түлек, жоғары білім, мамандық). 2. Мына сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыз (жоғары оқу орны, институт, емтихан тапсыру, көрнекті ғалым, ғылыми дәреже, күндізгі бөлім, сырттай бөлім, түскім келеді, ректор, декан, факультет).

6-сабақ.

3.1.1. «Менің мамандығым» тақырыбына мәтін.

Өмірде мамандықтың түрі өте көп. Жақсы маман болу үшін еңбек ету керек. Инженер, дәрігер, мұғалім, ғалым, жазушы, тілші, журналшы, мүсінші, суретші, сәулетші, экономист, есепші, ұшқыш, ғарышкер болу үшін оқу керек. Жақсы жұмысшы, кенші, металлург, жүргізуші, балташы, құрылысшы, тоқымашы, тігінші болу үшін өндірісте істеу керек. Бақташы, егінші, мал дәрігері, бағбан, сауыншы, мақташы болу үшін ауылда жұмыс істеу керек. Ал, аяқ киім жөндеуші, сатушы, шаштараз, сағат шебері, зергер болу үшін тұрмыстық қызмет көрсететін салада істеу керек. Өнер саласына жататын мамандықтар: әнші, биші, музыкант, композитор, режиссер, т. б.

Менің мамандығым бұрғылаушы. Мамандығым өзіме ұнайды.

2. Мамандық атаулары.

«Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау»
«Пайдалы қазба мен кенорындарын барлау мен іздеудің геофизикалық әдістері»
«Пайдалы қазба кенорындарын барлаудың техникасы мен технологиясы»
«Гидрогеология және инженерлік геология»
«Экология және табиғи қорларды тиімді пайдалану»
«Жер қойнауын пайдаланудағы ақпараттық жүйелер»

Бақылау сұрақтары: 1.«Менің мамандығым» тақырыбына тіркес сөздерді қатыстырып мәтін құрыңыз (менің мамандығым, ұнайды, мамандық түрлері, бұрғылаушы, бағдарламасы, мамандықты таңдау). 2. Мамандық атауларын қазақ тіліне аударыңыз.

«Геологическая съемка, поиск и разведка месторождений полезных ископаемых»
«Геофизические методы поисков и разведки месторождений полезных ископаемых»
«Технология и техника разведки месторождений полезных ископаемых»
«Гидрогеология и инженерная геология»
«Экология и рациональное использование природных ресурсов»
«Информационные системы в недропользовании».

7-сабақ.

3.2.1. «Өндірістік тәжірибе» .

Біздің колледж студенттерді үшінші курстан кейін өндірістік тәжірибеге жібереді. Мен өндірістік тәжірибені «Шлюмбердже» компаниясында өткізгім келеді. Өндірістік тәжірибеде алған білімім болашақ жұмыста өте керек болады. Өндірістік тәжірибеде көп қиындық болады, өйткені менде тәжірибе жоқ. Біз үш жыл бойы колледжде алған теориялық білімімізді өндірістік тәжірибеде қолданамыз. Өндірістік тәжірибе 45 күнге созылады. Өндірістік тәжірибеден біз дипломдық жұмысқа қажетті көптеген материал алып келеміз.

2. «На практике» сұхбат құрыңыз.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Не мақсатпен келдіңіз?
- Мен тәжірибе алу үшін келдім.
- Сіз қай мамандықты игердіңіз?
- Мен бұрғылаушымын.
- Сіз қай жерде оқыдыңыз?
- Мен СГБК-де оқып, бұрғылаушы мамандығын алып шықтым.
- Бұл сіздің бірініші тәжірибеңіз бе?
- Иә, бірініші тәжірибем.
- Сізге өз мамандығыңыз ұнай ма?
- Әрине, ұнайды.
- Сіздің тәжірибе бір айға созылады. Сіз дүйсенбі күні сағат 8-де келіңіз.
- Олай болса дүйсенбіге дейін. Көріскенше.
- Сау болыңыз.

Бақылау сұрақтары: 1. «Өндірістік тәжірибе» сөз тіркесімен 6 сөйлем құрыңыз. 2.«На практике» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

8-сабақ.

3.3.1. Еңбек туралы 5 мақал-мәтел айтыңыз.

Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

Еңбек пен бақыт – егіз.

Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес.

Жауынмен жер көгерер, еңбекпен ер көгерер.

Еңбексіз өмір, сөнген көмір.

2. Кәсіби сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сұхбат құрыңыз.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе? Кіріңіз.
- Мен сіздерге геологиялық барлау колледжінен жолдама бойынша келіп отырмын.
- Тәжірибеге ма, жұмысқа ма?
- Жұмысқа.
- Мамандығыңыз қандай?
- Мамандығым бұрғылаушы.
- Мен Сізге мамандығыңыз бойынша сұрақтар қойсам деймін? Тәжірибеде ұңғыманың тереңдігі неше метр болды?
- Мен тәжірибеде 210 метрге дейін ұңғыманы бұрғылау жұмыстарын жүргіздім.
- Жақсы маман болу үшін жан-жақты білімді қызметкер қажет.
- Иә, мен колледжде жан-жақты геологиялық түсірілім, тау жыныстары, минеральдың құрамы, жұмсақ металлдар және т.б. туралы тереңдетіп білім алдым.
- Онда жақсы. Кадр бөліміне барыңыз.
- Сау болыңыз.

Бақылау сұрақтары: 1. Еңбек туралы 5 мақал-мәтел айтыңыз. 2. Кәсіби сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сұхбат құрыңыз. Жақсы маман, геологиялық түсірілім, ұңғыманың

тереңдігі, тау жыныстары, минералдың құрамы, сапалы көмір, жұмсақ металл, ұңғыманы бұрғылау.

9-сабақ.

4.1.1. Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.

Еңбек ақы – заработная плата

Арнаулы киім – спец.одежда

Біліктілік санаты – разряды

Демалыс – выходной

Еңбек дауы – трудовые споры

Еңбек қатынастары – трудовые отношения

Еңбек қауіпсіздігі – трудовая безопасность

Еңбек міндеттері – трудовые обязанности

Еңбек тәжірибесі – трудовой стаж

Еңбек тәртібі – трудовая дисциплина

Жұмыс уақыты – режим работы

Өндірістік жарақат – производственная травма

Іссапар – командировка

Құқықтары мен міндеттері – право и обязанности

Жұмыс беруші – работодатель

Еңбек шарты – трудовой контракт

2. Жоғарыда берілген сөз және сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Біз әр айдың онына дейін еңбек ақымызды аламыз. Геолог мамандарына арнаулы киім беріледі. Әр бес жылдықта мамандарға міндетті түрде біліктілік санатын көтеру үшін курстардан өту керек. Мен еңбек демалысына жазда шығамын. Келісім шартта еңбек дауы қарастырылады. Еңбек келісімі жұмысшы мен жұмыс берушінің арасындағы қатынастарды реттейтін құжат. Жұмыста еңбек қауіпсіздігін сақтау керек. Әр жұмысшының өз еңбек міндеттері болады. Менің әлі еңбек тәжірибем жоқ. Еңбек кодексінде жұмысшылардың еңбек тәртібі туралы айтылады. Кітапхананың жұмыс уақыты сағат 8-00 ден 17-00 ге дейін. Еңбек қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз өндірістік жарақаттан аман боласыз. Жұмысшы іссапарға қажетті құжаттарын кадр бөліміне өткізді. Еңбек келісінде жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттері көрсетілді.

Бақылау сұрақтары: 1. Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз (еңбек ақы, арнаулы киім, біліктілік санаты, делдал, демалыс, еңбек дауы, еңбек қатынастары, еңбек қауіпсіздігі, еңбек міндеттері, еңбек стажы, еңбек тәртібі, жұмыс уақыты, өндірістік жарақат, іссапар, құқықтары мен міндеттері, жұмыс беруші, еңбек шарты). 2. Жоғарыда берілген сөз және сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

10-сабақ.

4.2.1. Еңбек қатынастарына байланысты сөздер мен сөз тіркестері.

Біздің жұмыста қызметкерлерге зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған арнаулы киім беріледі. Өндірісте бұрғылаушылар ауыр жұмыстарды атқарады. Тәулік ішінде екі не үш немесе төрт жұмыс – ауысымдық жұмыс. Арман жұмыстан бір жылдық еңбек демалысын алды. Еңбек кодексінде еңбек жағдайлары қарастырылады. Еңбек шартында біз өзіміздің және жұмыс берушінің міндеттерімен таныстық. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзуы салдарынан жұмыс тоқтап тұрған уақытта қызметкердің жұмыс орны және орташа жалақысы сақталады. Қызметкердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайына байланысты еңбегі үшін жалақы төленеді. Қызметкердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде тұрақты немесе уақытша жұмыс орны болады. Еңбек кодексінің 8 бабында мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады. Еңбек кодексінде еңбекке байланысты негізгі ұғымдар айтылады. Жұмыс уақытын тиімді пайдалану керек. Біздің колледж өз түлектерін жұмысқа орналастырады.

2. «ҚР-ның заңдары» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

- Сәлеметсіз бе, Ерлан Нурмухамедович! Кіруге бола ма?

- Сәлеметсің бе, Талғат! Кіріңіз, отырыңыз.

- Ерлан Нурмухамедович, маған «Еңбек кодексін» бере аласыз ба?
- Әрине, мінекей алыңыз.
- Рахмет сізге, ертеңге дейін.
- Талғат, соңғы «Тіл туралы заң» қашан қабылданып еді?
- «Тіл туралы заң» 1997 жылы 11 шілдеде қабылданды.
- Рахмет.
- Сау болыңыз.

Бақылау сұрақтары: 1. Еңбек қатынастарына байланысты сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрыңыз (арнаулы киім, ауыр жұмыс, ауысымдық жұмыс, демалыс, еңбек жағдайлары, міндет, еңбекті қорғау, жалақы, жұмыс орны, тыйым салу, еңбек кодексі, жұмыс уақыты, жұмысқа орналастыру).

11-сабақ.

5.1.1. «Кен орындары».

Қазақстанның жері кенге бай. Ертеде алтын, мыс, қалайы, тұз және әртүрлі асыл тастар қолмен қазып алынатын.

Қазақстан қазір көптеген; мыс, қорғасын, цинк, алтын, күміс, никель, хромит, көмір, мұнай, болат, фосфор, тынайтқыштар және түрлі тұздар береді.

Орталық Қазақстанда көмір, мыс, қорғасын, цинк, алтын, темір, марганец және сирек кездесетін метал шығады. Еліміздің үшінші көмір ошағы - Қарағанды, оның көмір қоры 50 млрд., тона деп есептеледі.

Алтай қорғасын мен цинкке бай (Зырьяновск, Өскемен). Батыс Қазақстанда мұнай, жанармай, түрлі ас тұздары шығады. Ақтөбе обласынан никель шығады. Қостанай обласынан темір рудасынан аса ірі кен орны табылады.

2. Кәсіби сөз тіркестерін аударыңыз.

Осадочные породы – шөгінді тау жыныстары

Виды горных пород – тау жыныстарының түрлері

Защищать окружающую среду – қоршаған ортаны қорғау

Проводят исследования – зерттеу жұмыстарын жүргізеді

Различные методы – әр түрлі тәсілдер

Состав пород – жыныстардың құрамы

Химические элементы – химиялық элементтер

Основные свойства – негізгі қасиеттері

Много добываются – көп өндіріледі

Основной запас – негізгі қоры

Бақылау сұрақтары: 1. «Кен орындары» тақырыбына мәтін. 2. Кәсіби сөз тіркестерін аударыңыз (осадочные породы, виды горных пород, защищать окружающую среду, проводят исследования, различные методы, состав пород, химические элементы, основные свойства, много добываются, основной запас).

12-сабақ.

5.2.1. Кәсіби сөздер мен сөз тіркестері.

Полезные ископаемые – пайдалы қазбалар; месторождения – кен орындары; недра земли – жер қойнауы; земная кора – жер қыртысы; поверхность земли – жер қабаты; специалист – маман; рудник – кеніш; способ – тәсіл; метод – әдіс; добывать – өндіру; способы бурения – бұрғылау тәсілдері; геофизические методы – геофизикалық әдістер; задача геологов – геологтың міндеті; история развития – даму тарихы; освоить полезные ископаемые – пайдалы қазбаларды игеру; химический состав – химиялық құрамы; исследовать – зерттеу; опытный специалист – тәжірибелі маман; производство – өндіріс; уголь – көмір; нефть – мұнай; золото – алтын; серебро – күміс; медь – мыс; железо – темір; торф – торф; мрамор – мәрмәр; бронза – қола.

2. Жоғарыдағы аударған сөздерді қатыстырып мәтін құрыңыз.

Жер қойнауының тереңдігінде жатқан пайдалы қазбаларды алу үшін шахта қазылады. Өндірілген кен металл қорытылатын зауыттарға жөнелтіледі. Темір кені қоры жөнінен Қазақстан дүние жүзі елдерінің арасында алдыңғы қатардан орын алады. Түсті металдарға мыс, қорғасын, алтын, күміс, қола жатады.

Бақылау сұрақтары: 1. Кәсіби сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз (полезные ископаемые, месторождения, недра земли, земная кора, поверхность земли, специалист, рудник, способ, метод, добывать, способы бурения, геофизические методы, задача геологов, история развития, освоить полезные ископаемые, химический состав, исследовать, опытный специалист, производство, скважина, уголь, нефть, золото, серебро, медь, железо, торф, мрамор, бронза). 2. Жоғарыдағы аударған сөздерді қатыстырып мәтін құрыңыз.

13-сабақ.

6.1.1. «Бас маманмен тілдесу» сұхбат құрыңыз.

- Біздің мекемеге жаңадан бас маман келіпті.
- Қайдан келген екен?
- Қарағанды облысынан келіпті. Өзің кіріп шықсаңшы, саған келсін деген.
- Сәлеметсіз бе? Мен Нуртазинов Архатпын, мені шақырдыңыз ба?
- Сәлеметсің бе, иә кіріңіз. Сіз Нуртазинов Архат осы мекемеде геолог болып қай жылдан бері жұмыс істеп жүрсіз?
- 2005 жылдан бері жұмыс істеп келемін.
- Онда тәжірибеңіз бар екен, сізге бір жұмыс тапсырсам деп едім.
- Тыңдап тұрмын.
- Сізді тәжірибе алмасу мақсатында Жезқазған кен орнына іс сапармен жіберсек деп едік.
- Қарсы емеспін, қашан жолға шығу керек?
- Дүйсенбіге құжаттарыңыз дайын болады.
- Келесі кездескенше.
- Сау болыңыз.

2. Бас геологқа мінездеме беріңіз.

Біздің бас геологымыз тәжірибесі мол адам. Оның аты-жөні Ділманов Әбдіхалық Мақсұтұлы. Әрқаша көмектесуге дайын. Өзінің мол тәжірибесімен әрқашан бөлісе біледі. Жауапкершілігі мол, кеңпейілді, адамгершілігі бар өз ісін білетін жақсы маман. Ол өз ісімен әрқашан бізді таң қалдырады. Қарапайым, өзін жұмысшылармен тең ұстайды. Білімі де жоғары. Әрқашан бізге дұрыс жол сілттеп кеңес бере біледі. Басшылармен де жақсы қарым-қатынаста. Осындай маманның жұмысы бізге де үлкен өнеге.

Бақылау сұрақтары: 1. Бас маманмен тілдесу, сұхбат құрыңыз. 2. Бас геологқа мінездеме беріңіз.

14-сабақ.

6.2.1. «Менің болашақ кәсібім».

Менің болашақ мамандығым геология саласында. Жақсы маман болу үшін, көп оқып еңбек ету керек. Мен болашақ бұрғылаушымын. Бұрғылаушы нағыз ер азаматтың жұмысы. Бұрғылаушы болу үшін денсаулығың мықты болуы керек. Менің бұрғылаушы мамандығын таңдаған себебім, бұрғылаушы тек геология саласында ғана емес, барлық кәсіптік салаларда жұмыс істей алады. Бұрғылаушы маманының еңбек ақысы жоғары, соған орай жұмысы да қиын. Бірақ мен бұрғылаушы мамандығын таңдағаным өкінбеймін. Қазақстанның болашағына өз еңбегімді сіңіргім келеді. Біз тек қана Қазақстанда ғана емес, шет елде де жұмыс істеуге мүмкіндігіміз бар. «Еңбек пен бақыт егіз» деп халқымыз бекер айтпаған. Жақсы оқып, жақсы маман болу менің арманым.

2. «Моя будущая профессия» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

- Сен қайда оқисың?
- Мен геологиялық барлау колледжінде оқимын.
- Жақсы оқу орнында оқиды екенсің. Қай мамандықтың иегері боласың?
- Мен болашақта геолог боламын.
- Неге геолог мамандығын таңдадың?

- Геологтар жер планетасындағы қазба байлықтарын барлап іздейді. Қазақстанның экономикасының болашақ дамуына мол үлесімізді қосатын жұмыс деп ойлаймын.
- Онда саған сәттілік тілеймін.
- Рахмет, сау бол!

Бақылау сұрақтары: 1. «Менің болашақ кәсібім» тақырыбына эссе жазу. 2. «Моя будущая профессия» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) А.Бектұров, Ш.Бектұров, «Қазақ тілі для начинающих»
- 2) «Қазақ тілін жеделдетіп оқыту курсы» Г.М.Әлмұрзина, Ж.Д.Назбиев, Ахметажднова. Өскемен, 2000ж.
- 3) «Қазақ тілін үйренеміз» Н.Оранбаева, Х.Есенов, С.К.Хайруллин.
- 4) Б.Құлмаханбетова, Ж.Елемесова. «Қазақ тілін үйренушілерге көмек»
- 5) Тілашар.
- 6) Трудовой кодекс РК.
- 7) А.Ш.Бектұрова, Ш.К.Бектұров «Казахский язык для всех». Алматы «Атамұра»,2004.
- 8) Қазақша, орысша сөздік. Алматы,2001. Составитель М.Избасаров.
- 9) А.Белботаев, Ж.Тукебаева. Книга 3-я «Казахский язык для начинающих», Алматы, «Қазақстан», 1994
- 10) М.Е.Ержанов «Мы изучаем казахский язык», Алма-Ата, «Рауан», 1990г.
- 11) Школьный русско-казахский словарь. Алма-Ата, «Қазақстан», 1990г.
- 12) «Орысша-қазақша тілдескіш». Б.Абилкасимов, Б.Бекмухамедов.
- 13) Ұ.Асыллов, Ж.Нұсқабайұлы «Әдеп шабыттылық дәрістері».

Сөздік:

Еңбек ақы – заработная плата
Арнаулы киім – спец.одежда
Біліктілік санаты – разряды
Демалыс – выходной
Еңбек дауы – трудовые споры
Еңбек қатынастары – трудовые отношения
Еңбек қауіпсіздігі – трудовая безопасность
Еңбек міндеттері – трудовые обязанности
Еңбек тәжірибесі – трудовой стаж
Еңбек тәртібі – трудовая дисциплина
Жұмыс уақыты – режим работы
Өндірістік жарақат – производственная травма
Иссапар – командировка
Құқықтары мен міндеттері – право и обязанности
Жұмыс беруші – работодатель
Еңбек шарты – трудовой контракт

Еңбек туралы мақал-мәтелдер.

1. Еңбексіз өмір – сөнген көмір.
2. Ердің атын еңбек шығарар
3. Еңбек етпесең елге өкпелеме,
Егін екпесең жерге өкпелеме.
4. Жан қиналмай жұмыс бітпес,
Талап қылмай мұратқа жетпес
5. Еңбек ердің сәні.

Берілген кәсіби сөз және сөз тіркестерімен құралған мәтін.

Біз әр айдың онына дейін еңбек ақымызды аламыз. Геолог мамандарына арнаулы киім беріледі. Әр бес жылдықта мамандарға міндетті түрде біліктілік санатын көтеру үшін курстардан өту керек. Мен еңбек демалысына жазда шығамын. Келісім шартта еңбек дауы қарастырылады. Еңбек келісімі жұмысшы мен жұмыс берушінің арасындағы қатынастарды реттейтін құжат. Жұмыста еңбек қауіпсіздігін сақтау керек. Әр жұмысшының өз еңбек міндеттері болады. Менің әлі еңбек тәжірибем жоқ. Еңбек кодексінде жұмысшылардың еңбек тәртібі туралы айтылады. Еңбек қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз, өндірістік жарақаттан аман боласыз. Жұмысшы іссапарға қажетті құжаттарын кадр бөліміне өткізді. Еңбек келісінде жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттері көрсетілді.

Еңбек қатынастары туралы.

Біздің жұмыста қызметкерлерге зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған арнаулы киім беріледі. Өндірісте бұрғылаушылар ауыр жұмыстарды атқарады. Тәулік ішінде екі не үш немесе төрт жұмыс – ауысымдық жұмыс. Арман жұмыстан бір жылдық еңбек демалысын алды. Еңбек кодексінде еңбек жағдайлары қарастырылады. Еңбек шартында біз өзіміздің және жұмыс берушінің міндеттерімен таныстық. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзуы салдарынан жұмыс тоқтап тұрған уақытта қызметкердің жұмыс орны және орташа жалақысы сақталады. Қызметкердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайына байланысты еңбегі үшін жалақы төленеді. Қызметкердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде тұрақты немесе уақытша жұмыс орны болады. Еңбек кодексінің 8 бабында мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады. Еңбек кодексінде еңбекке байланысты негізгі ұғымдар айтылады. Жұмыс уақытын тиімді пайдалану керек. Біздің колледж өз түлектерін жұмысқа орналастырады.

2. «ҚР-ның заңдары» тақырыбына сұхбат.

- Сәлеметсіз бе, Ерлан Нурмухамедович! Кіруге бола ма?
- Сәлеметсіз бе, Талғат! Кіріңіз, отырыңыз.
- Ерлан Нурмухамедович, маған «Еңбек кодексін» бере аласыз ба?
- Әрине, мінекей алыңыз.
- Рахмет сізге, ертеңге дейін.
- Талғат, соңғы «Тіл туралы заң» қашан қабылданып еді?
- «Тіл туралы заң» 1997 жылы 11 шілдеде қабылданды.
- Рахмет.
- Сау болыңыз.

Сөздік:

арнаулы киім - специальная одежда

ауыр жұмыс - тяжелая работа

ауысымдық жұмыс – сменная работа

еңбек жағдайлары – трудовые условия

міндет - обязанность

еңбекті қорғау – защита труда

жалақы - зарплата

жұмыс орны – рабочее место

тыйым салу - запретить

Еңбек Кодексі - Трудовой Кодекс (Закон о Труде)

жұмыс уақыты - рабочее время

жұмысқа орналастыру – устроить на работу

«Кен орындары» .

Қазақстанның жері кенге бай. Ертеде алтын,мыс, қалайы, тұз және әртүрлі асыл тастар қолмен қазып алынатын.

Қазақстан қазір көптеген; мыс, қорғасын, цинк, алтын, күміс, никель, хромит, көмір, мұнай, болат, фосфор, тыңайтқыштар және түрлі тұздар береді.

Орталық Қазақстанда көмір, мыс, қорғасын, цинк, алтын, темір, марганец және сирек кездесетін метал шығады. Еліміздің үшінші көмір ошағы - Қарағанды, оның көмір қоры 50 млрд., тона деп есептеледі.

Алтай қорғасын мен цинкке бай (Зырьяновск, Өскемен). Батыс Қазақстанда мұнай, жанармай, түрлі ас тұздары шығады. Ақтөбе обласынан никель шығады. Қостанай обласынан темір рудасынан аса ірі кен орны табылады.

Сөздік:

Осадочные породы – шөгінді тау жыныстары

Виды горных пород – тау жыныстарының түрлері

Защищать окружающую среду – қоршаған ортаны қорғау

Проводят исследования – зерттеу жұмыстарын жүргізеді

Различные методы – әр түрлі тәсілдер

Состав пород – жыныстардың құрамы

Химические элементы – химиялық элементтер

Основные свойства – негізгі қасиеттері

Много добываются – көп өндіріледі

Основной запас – негізгі қоры

Сұхбат: «Бас маманмен тілдесу».

- Біздің мекемеге жаңадан бас маман келіпті.
- Қайдан келген екен?
- Қарағанды облысынан келіпті. Өзің кіріп шықсаңшы, саған келсін деген.
- Сәлеметсіз бе? Мен Нуртазинов Архатпын, мені шақырдыңыз ба?
- Сәлеметсің бе, иә кіріңіз. Сіз Нуртазинов Архат осы мекемеде геолог болып қай жылдан бері жұмыс істеп жүрсіз?
- 2005 жылдан бері жұмыс істеп келемін.
- Онда тәжірибеніз бар екен, сізге бір жұмыс тапсырсам деп едім.
- Тыңдап тұрмын.
- Сізді тәжірибе алмасу мақсатында Жезқазған кен орнына іс сапармен жіберсек деп едік.
- Қарсы емеспін, қашан жолға шығу керек?
- Дүйсенбіге құжаттарыңыз дайын болады.
- Келесі кездескенше.
- Сау болыңыз.

2. Бас геологтың мінездемесі.

Біздің бас геологымыз тәжірибесі мол адам. Оның аты-жөні Ділманов Әбдіхалық Мақсұтұлы. Әрқаша көмектесуге дайын. Өзінің мол тәжірибесімен әрқашан бөлісе біледі. Жауапкершілігі мол, кеңпейілді, адамгершілігі бар өз ісін білетін жақсы маман. Ол өз ісімен әрқашан бізді таң қалдырады. Қарапайым, өзін жұмысшылармен тең ұстайды. Білімі де жоғары. Әрқашан бізге дұрыс жол сілтеп кеңес бере біледі. Басшылармен де жақсы қарым-қатынаста. Осындай маманның жұмысы бізге де үлкен өнеге.

Өз мамандығың бойынша мәтін құрастырыңыз. (Үлгі бойынша)

«Менің болашақ кәсібім».

Менің болашақ мамандығым геология саласында. Жақсы маман болу үшін, көп оқып, еңбек ету керек. Мен болашақ бұрғылаушымын. Бұрғылаушы нағыз ер азаматтың жұмысы. Бұрғылаушы болу үшін денсаулығың мықты болуы керек. Менің бұрғылаушы мамандығын таңдаған себебім, бұрғылаушы тек геология саласында ғана емес, барлық кәсіптік салаларда жұмыс істей алады. Бұрғылаушы маманының еңбек ақысы жоғары, соған орай жұмысы да қиын. Бірақ мен бұрғылаушы мамандығын таңдағаным өкінбеймін. Қазақстанның болашағына өз еңбегімді сіңіргім келеді. Біз тек қана Қазақстанда ғана емес, шет елде де жұмыс істеуге мүмкіндігіміз бар. «Еңбек пен бақыт егіз» деп халқымыз бекер айтпаған. Жақсы оқып, жақсы маман болу менің арманым.

«Моя будущая профессия» тақырыбына сұхбат құрыңыз:

- Сен қайда оқисың?
- Мен геологиялық барлау колледжінде оқимын.
- Жақсы оқу орнында оқиды екенсің. Қай мамандықтың иегері боласың?
- Мен болашақта геолог боламын.
- Неге геолог мамандығын таңдадың?
- Геологтар жер планетасындағы қазба байлықтарын барлап іздейді. Қазақстанның экономикасының болашақ дамуына мол үлесімізді қосатын жұмыс деп ойлаймын.
- Онда саған сәттілік тілеймін.
- Рахмет, сау бол!

1. болашақ мамандығым – будущая профессия
2. геология саласында – в области геологии
3. «Жер қойнауын пайдаланудағы ақпараттық жүйелер» маманымын- специалист по информационным системам в области недропользования
4. таңдаған себебім – выбрал по причине ...
5. барлық кәсіптік салаларда жұмыс істей алады – может работать во всех отраслях
6. еңбек ақысы жоғары – высокая зарплата
7. өкінбеймін – не жалею
8. өз еңбегімді сіңіргім келеді – хочу внести свой вклад
9. шет елде де – и в зарубежных странах
10. мүмкіндігіміз бар – есть возможность